



Сыр бойы

№69-70 (20945-20946) 10 мамыр, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi



Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Сіздерді Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы мерейлі күнді еліміздің әрбір азаматы ерекше көңіл-күймен қарсы алып, Жеңімпаз аға буынға шексіз ризашылығын білдіреді.

Фашизмге қарсы сұрапыл соғыс халқымызға орасан зор қайғы-қасірет әкелді. Біздің қаһарман жауынгерлеріміз асқан ерлік пен батылдық танытып, азаттық пен әділдік жолында аянбай күресті. Жүз мыңдаған сарбазымыз ұрыс даласында қаза тапты. Тылдағы жұрт та адам айтқысыз қиындыққа қарамастан тынымсыз тер төгіп, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Олар егіс алқабында, зауыттар мен фабрикаларда күн-түн демей жұмыс істеп, майданды қамтамасыз етті.

Біз отандастарымыздың қайтпас қайсарлығы мен қажырлы еңбегін ешқашан ұмытпаймыз. Жанқиярлық пен ерліктің озық үлгісін көрсеткен батырларымыздың есімін әрдайым ұлықтаймыз. Ардагерлерімізге қамқорлық жасап, қолдау білдіреміз.

Қазақстанда Жеңіс күніне орай көптеген іс-шара өткізіліп жатыр. Еліміз бойынша бес жүзге жуық көшені қаһарман ерлеріміздің атымен атау туралы шешім қабылданды. Ауқымды әскери шеру өтті. Мұның бәрі зұлмат соғыстың зардабын халқымыз ешқашан жадынан шығармауы үшін қажет.

Біз Жеңіс күнінде бейбіт өмірдің қадірін ұғынып, достық пен тыныштықтың маңыздылығын терең түсінеміз. Осы мызғымас құндылықтар әрдайым халқымыздың әл-ауқатын арттырудың және Қазақстанды тұрақты дамыудың берік негізі болып қала береді. Мен бұған кәміл сенемін.

Қадірлі ардагерлерімізге және барша отандастарымызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!

Құрметті ардагерлер мен тыл еңбеккерлері!

Баршаңызды бейбітшілік пен бостандық үшін күрескен аға буынның жанқиярлығы, қажымас қайраты мен ерік-жігерін әйгілейтін мереке – Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық» деп атап өтті.

Майдан даласынан оралмаған боздақтарды еске алып, ардагерлерімізді ардақтау – перзенттік парызымыз. Бүгінде Сыр өңірінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері Яхия Тасыров пен Тілеуберген Тобаберенов ғасырлық ғұмыр ғибратымен Жеңістің 80 жылдығын қарсы алуда.

Мереке қарсаңында карт майдангерлерге лайықты құрмет көрсетілді. Соғыс жылдары тылда еңбекеткен, ҰОС ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға біржолғы әлеуметтік төлем берілді.

Отанымызды қорғаған батырлардың арқасында бүгінгі бейбіт күн туды, елімізге ашық аспан, тұрақтылық пен береке, ырыс пен несібө келді. Біз қаһармандық пен қайсарлықтың теңдессіз үлгісін көрсеткен майдангерлердің рухына әрдайым бас иіп, тағзым етеміз. Боздақтарымыздың ерлігі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Отбасыларыңызға бақ-береке, амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

/// ПРЕЗИДЕНТ

ӘСКЕРИ ПАРАДҚА БАРДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен әскери парадқа барды, сондай-ақ белгісіз жауынгердің бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

Парадқа Қазақстан Республикасынан Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Иван Панфилов атындағы Десанттық-шабуылдау әскері 37-ші бригадасының сарбаздары қатысып, сап түзеп өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Ресей Президенті Владимир Путинмен бірге мінберден парадты Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Сербия Президенті Александр Вучич, Словакия Премьер-министрі Роберт Фицо, Босния және Герцеговина Төралқасының Төрағасы Желька Цвинович, Вьетнам Коммунистік партиясы ОК Бас хатшысы То Лам, Моңғолия Президенті Ухнаагийн

Хурэлсух, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сиси, Бразилия Президенті Луис Инасиу Жула Да Силва, Венесуэла Президенті Николас Мадуро, Куба Президенті Мигель Диас-Канель, Мьянма Мемлекеттік басқару кеңесінің басшысы, Премьер-министрі Мин Аун Хлайн, Буркина-Фасо Президенті Ибрагим Траоре, Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбало, Зимбабве Президенті Эммерсон Дамбундо Мнангагва, Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо, Экваторлық Гвинея Президенті Теодоро Обианг Нгема Мбасого, Эфиопия Президенті Тайе Адке-Селассие, Палестина Президенті Махмуд Аббас, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жетекшілері тамашалады.

Салтанатты іс-шарадан кейін Мемлекет басшысы мен Ресей Президенті аз-кем әңгімелесті.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі архивінен алынған Қазақстан Президентінің әкесі, гвардия сержанты Кемел Тоқаевты марапаттау парағын табыстады. Құжатқа сәйкес, ол Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған. Алайда бұл атақ берілмеген.

Кемел Тоқаев Польша аумағындағы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталған.

АЙБАРЛЫ ЕЛДІҢ АЙБЫНЫ

7 мамыр күні елордадағы «Қазақ Елі» алаңында Мемлекет басшысы — Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтті.

Тәуелсіз Қазақстанның әскери әлеуетін әйгілеп, Жеңіс рухын биікке көтерген мерекелік салтанатқа ел өңірлерінен соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері, қорғаныс саласының белгілі өкілдері мен ғарышкерлер қатысты. Елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам да мерекелік шерудің куәсі болды.

«Қазақпарат» келтіргендей, қазір елімізде 105 соғыс ардагері бар. Ал әскери

парадқа 6 соғыс ардагері арнайы келіп қатысты.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр. Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел.

Қызылорда қаласының орталық алаңы мен барлық аудан орталықтарында орнатылған LED-экрандар арқылы тұрғындар бұл тарихи сәтті тамашалады. Облыс орталығы ғана емес, аудан тұрғындары да парадты зор қызығушылықпен қарап, Жеңіс күнінің салтанатын бірге бөлісті. Әскери техникалардың шеруі, сап түзеген жауынгерлер және көк жүзіндегі авиация көріністері көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Бұл, шын мәнінде, елдік пен ерлікті дәріптейтін, өткенге тағзым жасап, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын айрықша мереке болды.

/// ТАҒЫМ

ҚАҒАРМАНДАР ЕРЛІГІ ЖАНҒЫРА БЕРЕДІ



Кеше Қызылордадағы «Тағым» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінң депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев және құқық қорғау органдарының басшылары, облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады.

– Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткен әскери шеруде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз» деп, 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетінін атап өтті. Осы орайда, ерекше атап өту қажет, оның 146-сы – облысымыздың ардагерлері. Жыл аяғына дейін қаһармандардың есімдері көшелерге беріледі. Сұрапыл соғыс жеңімпаздарының ерен ерлігін, шексіз батырлығын жадымызда жаңғырту, оларды мәңгі есте сақтау – қасиетті парызымыз. Жеңіс күні арыстарымызды еске алып, арамыздағы ардақты ардагерлерімізге құрмет көрсету – елдік парызымыз. Арын – байрақ, намысын – найза еткен ерлеріміздің қаһармандығы аңызға айналуға. Бүгінгідей Тәуелсіз ел атанып, еңсеміздің биік болуы, өркендеп-өрістеуіміз де – осы Ұлы Жеңістің жемісі. Аға буынның қайсарлығы мен төзімділігі, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз.

Батыр бабаларымыз қол жеткізген қасиетті де ұлы ерлік ел жадында мәңгі сақталады! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай! – деді облыс басшысы.

Салтанатты шарада жылдағы дәстүрге сай сұрапыл соғыс жылдары ерлік көрсеткен қаһармандар құрметіне бір минут үнсіздік жарияланып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Жеңіс туы желбірегілі 80 жыл өтсе де, қасық қаны қалғанша күресіп, кейінгіге бейбіт өмір сыйлаған боздақтардың, хабар-ошарсыз кеткендердің, елге оралған соң еңбек майданында шындалған ардагерлердің ерлігі ұмытылмайды.

Рәсімде Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемұлы құттықтау сөз сөйледі. Қоғам қайраткерлері Нажмадин Түркпенұлы, Айтбай Көшербайұлы игі тілегін айтып, батасын берді. Сонымен қатар, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан тыл ардагерлері «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Валюта бағамы

\$ 516,01 kzt

€ 582,47 kzt

₸ 6,26 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+31°



+16°

Жексенбі



+33°



+17°



/// МӘМІЛЕ

ЕЛДІК МҮДДЕ МІНБЕРІ

Қызылорда облысы әкімдігі мен Хынг Йен провинциясы арасында бауырластық қарым-қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды. «Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Токаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Мемлекет басшысы Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді.

То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді. Жұмыс сапары аясында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Хынг Йен провинциясы Халық Комитетінің төрағасы Чан Куок Ван арасында бауырластық қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумда теңдік және өзара тиімділік негізінде сауданы ілгерілету, инвестиция тарту және бірлескен кәсіпорындар құру көрсетілген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, кәсіпкерлік және цифрландыру салаларында әріптестік орнатып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Тараптар жоғару оқу орындары, зерттеу институттары және білім беру ұйымдары арасында ғылыми-тәжірибелік кооперацияны дамытуға мүдделі.

Бірлескен мәдени іс-шаралар өткізу, туризм, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалар бойынша тәжірибе алмасу да қарастырылған.

/// САПАР

СЫР МӘДЕНИЕТІНІҢ СЕРПІНДІ КЕЗЕҢІ

ҚАЗАЛЫДА «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ



Кеше Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданында «Руханият орталығы» ашылды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.



Облыс әкімі жиналған қауымды Жеңістің 80 жылдығымен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Баршанызды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Біз ержүрек батыр бабаларымыздың алдында мәңгі қарыздармыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет» деген болатын. Өткен 2024 жылы өңірімізде «Руханият жылы» жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен бірге ауқымды жобаларды жүзеге асырдық. Алдағы уақытта да Сыр мәдениеті мен руханиятын қолдау жалғаса береді.

Биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы құрылтайдың келесі V отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқатқатты.

Өздеріңізге белгілі, өңірімізде барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынды. Бұл жерде ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кенінен насихатталады. Бүгін өздеріңізбен бірге Қазалы ауданындағы «Руханият орталығын» ел игілігіне табыстаудамыз. Жаңа ғимараттағы бастамалар рухани қазынамызды толықтырып, халқымыздың өміріне қуаныш сыйласын! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, жаңа нысанның құрылысына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов құттықтау лебізін жеткізіп, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

Айта кетейік, «Руханият орталығының» ішінде неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде құрылыс қарқынды жүруде. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», коффункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы», «Самұрық қазына» қорымен бірге «Үстел теннисі» орталығы, «ҚазМұнай-Газ» компаниясының демеушілігімен заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» салынып, ел игілігіне табысталды. Жаңадан симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталып, «Жыраулар үйі» жұмысын бастады.



Кеше ғана облыс орталығынан бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайтын балалар мен жасөспірімдерге арналған Шығармашылық-инновациялық академиясы ашылды. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион, «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі салынуда. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ қолдауымен жаңадан «Достық үйі» бой көтеруде.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

/// МӘДЕНИ КЕШЕН

САЛТАНАТЫ АРТҚАН САЯБАҚ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданының «Жеңіс» саябағында «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты мәдени шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.



Аймақ басшысы жиналған қауымды мерекелен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. – Баршанызды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – төл тарихымыздағы орны ерекше, қасиетті күн!

Бүгінде майдангер аталарымыз қазалылық Тілеуберген Тобабергенов, сырдариялық Яхия Тасыров Ұлы Жеңіс мерекесін атап өтуде. Ел басына күн туғанда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранға үн қосқан тыл еңбеккерлерінің ерлігі мәңгі есімізде. Қазіргі уақытта 1700 тыл еңбеккері ортамызда. Халқымыздың данқты ұл-қыздарының қан майдан мен тылдағы өшпес ерлігі, ерен еңбегі ешқашан да ұмытылмайды, – деді облыс әкімі.

Майданға Қазалы ауданынан 11 мыңға жуық азамат аттанса, 6 мыңнан астамы ғана елге оралған.

Үрмәш Түктібаев, Михайлюк Яков, Макаш Балмағамбетов, Геннадий Шляпин, Біліс Нұрпейісов, Владимир Счастнов Кеңес Одағының батыры атанды.

Салтанатты шарада тыл ардагерлеріне «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалі табысталды. Іс-шараға қатысушылар қан майданда қаза тапқандар мен ардагерлерге тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Айта кетейік, Қазалы ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі қайта жаңғыртылып, абаттандырылған «Жеңіс» саябағын көріп шықты.

Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» саябағы осыдан 40 жыл бұрын Ұлы Жеңістің 40 жылдығында пайдалануға берілген. Жеңістің



80 жылдығына орай мұнда абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізіліп, Қазалы мәдени-демалыс кешеніне айналуда. Кешен алдағы уақытта аудан халқымен қатар көршілес аудан тұрғындары үшін де жайлы демалыс орнына айналмақ.

Аумағы 20 гектар болатын, яғни облыстағы ең үлкен саябақтың біріне мердігер мекеме «Қаз Элит Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Данқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Ғашықтар» аллеяларын және отбасылық мейрамханалар мен тамақтану, демалыс орындарын салды. Сондай-ақ спорт және балалар ойын алаңдары, аквапарк, жасанды көлшік орналастырған.





/// ҚҰРМЕТ

МАЙДАНГЕРГЕ МАРАПАТ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровты Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, құрмет көрсетті.

Ардагерге Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хаты мен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін табыстады. Дәстүрге сай иығына шапан жауып, сый-сияпат көрсетті.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының құрметі азаматы, 103 жастағы Яхия Тасыров 1942 жылы майданға аттанған. Сталинградты, Курскіні, Польшаны азат етуге қатысқан. Бейбіт өмірде де белсенді еңбек етіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің өркендеуіне үлес қосқан. «Қызыл жұлдыз», І, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен бірнеше медальдің иегері, елдің батағой ақсакалы.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жеңістің 80 жылдығын атап етуге, қатары сиреген карт майдангерлерге құрмет көрсетуге ерекше мән берілуде.

Аймағымызда Жеңіс күнін атап өтудің іс-шаралар жоспары бекітілді. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, оларға теңестірілген ардагерлер мен соғыс жылдары кемінде алты ай еңбек еткен тыл ардагерлеріне төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайын артып келеді.

Бүгінде Қазалы және Сырдария аудандарында 2 ҰОС ардагері тұрады. Оларға 5 миллион теңгеден берілсе, тыл еңбеккерлері, ҰОС ардагерлеріне теңестірілгендер мен мүгедектерінің төлемі 40 АЕК-тен 50 АЕК-ке ұлғайтылды.

Бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғасын табады.

ЖҮЗДЕН АСҚАН ЖҮРЕК



Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Тілеуберген Тобабергеновті Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады.

Майдангерге Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын табыстап, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін тақты. Иығына шапан жауып, сый-сияпат жасады.

Бүгінде 101 жасқа толған карт майдангер 1942 жылы Қызыл әскер қатарына қосылған. Беларусьті, Польшаны, Чехословакияны, Кенигсбергті азат етуге қатысқан. Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алып, елге 1947 жылы оралған. Теміржол саласында зейнетке шыққанға дейін еңбек еткен.

I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Жеңістің мерекелік және Г.Жуковтың естелік медальдарымен марапатталған.

Биылғы мерейлі жылда Мемлекет басшысы ауыр кезеңді бастан өткерген майдангерлерге құрмет көрсетуді, аға буынның өшпес ерлігін ұрпаққа ұлағат етуді тапсырды. Өйткені олардың отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Жеңіс күнін атап өтудің аймақтық іс-шаралар жоспарында осының бәрі ескерілген. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, оларға теңестірілген ардагерлер мен соғыс жылдары кемінде алты ай еңбек еткен тыл ардагерлеріне төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайын артып келеді.

/// МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТ

ОТАНШЫЛДЫҚ РУХЫ ЖОҒАРЫ

Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында 7 мамыр – Отан қорғаушы күніне және 9 Мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс – ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты мерекелік шара өтті. Онда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев майдангерлер мен сарбаздарды Отан қорғаушы күнімен құттықтады.



– Президентіміз, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекет туған жері үшін аянбай еңбек етіп, әскери қызметке бүкіл ғұмырын арнаған отансүйгіш перзенттерін жан-жақты қолдауға айрықшамәнбереді. Біздіңміндетіміз – жаңа геосаяси ахуалға сай еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі нығайта түсу», – деп атап өтті. Еліміздің аумақтық тұтастығын сақтауда, ұлттық мүддесін қорғауда антына адал, сертіне берік айбынды әскеріміз өзіне жүктелген қастерлі міндетін мүлтіксіз орындауда.

Құқық қорғау органдары қоғамда заң мен тәртіпті, арнаулы қызметтер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде.

Құтқарушылар халқымыздың амандығы үшін аянбай тер төгуде. Еліміздің армиясы заманауи қарумен, озық техникамен қамтамасыз етілген. Мемлекет тарапынан әс-

керилерді, құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты қолдауға баса көңіл бөлінген.

Жалпыұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың нәтижесінде ел сырты жаудан, іші даудан аман болып, мемлекетіміз орнықты дамып келеді. Тәуелсіздігіміз бен байтақ жерімізді, тыныштығымыз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің мәртебесі асқақтай берсін!

Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді облыс әкімі.

Рәсімделгенжәне салаардагерлері, мамандары «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кету керек, мереке қарсаңында өңіріміздегі Ұлы Отан соғысының 2 ардагері, 1700 тыл еңбеккері Президент Жарлығымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, 5 мамыр күні Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік наградалар, жоғары әскери атақтар, сыныптық шеңдер тапсыру рәсімінде жерлесіміз Рахымов Арман Тас-темірұлына сыбайлас жеңкорлыққа қарсы қызметінің генерал-майоры арнаулы атағын берді.



«СЫР ЖҮЗДЫЗДАРЫ» ҚЫЗЫЛОРДАДА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯ АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласында «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясының ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбен, Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов және зиялы қауым өкілдері, ел ағалары арнайы қатысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, білім саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.



– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деген болатын. Еліміздің болашағы – жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруде жүйелі жұмыс атқарылуы.

Аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд 600 млн теңге болып, 32 пайызға артты. Бұл – жалпы облыс бюджетінің 43 пайызы. Біздің ең бірінші міндетіміз – балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық оқу мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Жаңа нысандардың ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде бәсекеге қабілетті ұландарымызға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Егемен елімізді өркен-

детудегі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі бастамаларымыз табысты болсын! Ел іргесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абдуламитұлы құттықтау сөз сөйледі. Ғимаратты салған «BI Global» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Шығармашылық-инновациялық академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шебер-

ханасы, сәндік-қолданбалы өнер, Fab-Lab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Айта кету керек, өткен жылы өңірде білім беру инфрақұрылымын дамытуда 13 ғимарат пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектептің құрылысы жоспарланып, бүгінде 3 мың орындық 6 мектеп ашылды. Қалған 4-еуі жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, физика-математика мектеп-интернаты және «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынуда. Соңғы үш жылда 3 «Оқушылар сарайы» мен 2 «Өнер мектебі» іске қосылды. Бүгінде Шиели ауданында 200 орындық «Оқушылар сарайы» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» құрылысы жүргізілуде.

БЕРЕКЕЛІ БАТЫР АУЫЛЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылына газ қосу рәсімі өтті. Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және ауылдағы ағайын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

– Жеңіс күні – елдік пен ерліктің, батылдық пен қаһармандықтың мерекесі!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапарында осы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысып, «Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын» деп жоғары бағасын берген болатын.

Ауылды гүлдендіріп, өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсеткен Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Абзал Ералиевтің еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Бұған дейін тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында



жаңа дәрігерлік амбулатория, «Еңбек аллеясы» ашылған еді. Қазір халыққа қалтқысыз қызмет етуде.

Бүгін міне, мерейлі мереке қарсаңында Нағи Ілиясов ауылына газға қосу рәсіміне жиналды. «Көгілдір


отын» баршанызға құтты, берекелі болғай! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев құттықтауын жеткізіп, ел ағасы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев бата берді.

Рәсімнен соң іс-шараға қатысушылар ауылды аралап көрді. Оқу-ағарту министрі мектепке барып, білім ошағының жұмысымен танысты.

Аймақта газдандыру жобаларына қаржы бөлініп, 330 шақырым газ желілері тартылды. Бүгінде өңірді газбен қамту деңгейі 78 пайызға жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 83 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Бұған дейін де еліміздегі ең сәулетті, берекелі ауылдардың қатарында аталатын Нағи Ілиясов ауылы «Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттықбайқауыныңқорытындысымен де республикадағы туристік ауылдардың үздік бестігіне енді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Адамзат тарихындағы қасіретті оқиғалардың бірі екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына жол салған Ұлы Жеңіске 80 жыл толды. Бірақ бұл соғыс бұнымен толастамаған болатын. 1945 жылы мамырда фашистік Германия талқандалғаннан кейін Жапонияға қарсы күрес қимылдары басталып, екінші дүниежүзілік соғыс осы жылдың 2 қыркүйегінде ғана аяқталып, адамзат баласы сұрапыл соғыстан бір сәтке тыныстаған болатын.

Иә, бұл соғыс туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Соғысқа қатысушылар мен оның тірі куәгерлері болған қарапайым адамдардан бастап, ғалымдар, тарихшылар, әдебиетшілер, әскери қолбасшылар және мемлекет қайраткерлеріне дейін бұл тақырыпта сандаған естеліктер, зерттеулер, деректер, тарихи құжаттар, прозалық шығармалар және т.б. жазды.

Бұл үрдіс одан әрі де жалғасуда және жалғаса да береді. Өйткені, бұл соғыстың адамзат тарихындағы алар орны да, ашы сабағы да жетерлік.

Адамзат баласы пайда болғаннан бері адамдар және мемлекеттер арасында әртүрлі қақтығыстар, жанжалдар өрбіп, оның соны үлкен соғыстарға ұласып жатты. Жаңа жерлер мен ықпал ету аймақтары үшін де басқыншылық соғыстар жүргізілді. Үрейлі де қорқынышты «соғыс» ұғымына сөздіктер мен энциклопедияларда мынадай анықтама берілген. «Соғыс – мемлекеттің немесе басқа да саяси құрылымдар (мысалы, көтерілісшілердің қарулы отрядтары) тарапынан болатын ашық та қарулы зорлықты іс-әрекеті. Соғыс көп жағдайда дәстүрлі бейбіт әдістермен шешуде түйікәсі тірелген немесе оған көңісі келмеген ұзақ мерзімдік экономикалық, территориялық, идеологиялық, әскери-стратегиялық, геосаяси, дипломатиялық және тағы басқа да қайшылықтардан пайда болады, яғни соғыс саясат пен оның мазмұнына тікелей байланыстан туындайды».

Соғыс әділетті, әділетсіз, мемлекет-аралық, азаматтық, басқыншылық, қорғаныстық, дүниежүзілік, шектеулі (локалды, аймақтық) және қару түрлерінің қолдануына қарай кәдімгі қару қолданған, жаппай қырып-жоютын қару қолданылған (ядролық, биологиялық және т.б.), әуе, теңіз соғыстары болып та бөлінеді. Өзінің көлемі, уақыты және оған қатысушылар санына қарай кейбір соғыстар қарулы қақтығыстар деп те аталады. Жоғарыда аталған «соғыс» анықтамасы мен оның түрлерінің бәрін қосқандағыдан асып түскен әлемдік тарихтағы ең сұрапыл соғыс, әрине екінші дүниежүзілік соғыс екендігін бәріміз жақсы білеміз.

Бұл соғыс қалай және неліктен басталып еді, оның себептері неде, оны болдырмау мүмкіндігі мен жолдары болды ма, болса, ондай мүмкіндіктер неге пайдаланылмады деген сұрақтарға көшілігіміз мектеп оқулықтарынан-ақ таныспыз. Дегенмен де, оның тарихына қысқаша тоқтала кету, қасіреті мен зардаптарына шолу жасау, Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында қайта еске алу артық болмайды.

Бұл соғыстың шығу себептері бертінде емес. XIX ғасырдың екінші жартысында ақ басталған соғыстар. Отарлап басып алу мен жаңа жерлерге ие болуға, дүниенің әр түкпірінде өз үстемдіктерін күшейтуге ұмтылған сол кездегі ірі де күшті елдер Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Ресей және тағы басқа да мемлекеттер арасындағы қайшылық бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді. Соғыстан кейін жеңген елдер мен жеңілген елдер арасындағы бітім шарттары мен 1919 жылғы Париж бітім конференциясының қорытындылары да аталған елдер арасындағы қайшылықтарды түпкілікті шеше алмады. Париж бітім конференцияның шешімдері бойынша Еуропаның саяси картасында едәуір өзгерістер болды. Германия барлық отарларынан айырылды, Элизас пен Лотарингия Францияға қайтарылды, Батыс Пруссиядан баса тартуға мәжбүр болды. Жаппай әскери міндет жойылды. Ерікті түрде жалдану арқылы жасақталатын құрғақтағы әскер саны 100 мың адаммен шектелді. Германияға ауыр артиллерия, әскери әуе күштерін және сүнгүір қайықтар ұстауына тыйым салынды. Германиямен және оның одақтастарымен жасалған шарттар халықаралық қатынастарда Версаль жүйесі деген атпен белгілі болды. Версаль жүйесі бойынша отарларды қайта бөлісу жүргізілді, яғни ірі мемлекеттер арасында отарлардың бір бөлігін қайта бөлу жүргізіліп, отаршылдықтың жаңа түрі пайда болды.

Версаль жүйесіне наразы болған елдерде (әсіресе Германия мен Жапонияда) кек алу, есе қайтару идеясы пайда болып, милитаризмнің қайта жандануына алғышарттар жасалды. 1929-1933 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыс зардаптарына қарамастан Еуропаның орталығы (Германия) мен Қыыр Шығыста (Жапония) жаңа соғыс ошақтары туып келе жатты. Ашық қарулана бастаған және жаңа соғыс өртені тұтандыруға бағыт алған Германия мен Жапонияның әрекеттеріне тосқауыл қойылмады. Керісінше, 30-жылдардың бас кезінде-ақ Үлкенбритания, АҚШ және Франция мемлекеттері Германия экономикасының, әсіресе оның соғыс өнеркәсібінің дамуына көмек көрсетті. Дүниенің екі жүйеге (социалистік және капиталистік) бөлінуі де ірі мемлекеттердің қате қадамдар жасауына себеп болды. Олардың антикөнекісті саясаты да бұл елдердің Германия мен оның одақтастарының талаптарына бей-жай қарауына және соғыс өртені болдырмау жолында біртұтас майдан құруына мүмкіндік бермеді. Яғни Германия мен оның одақтастарының әскери күшеюі мен басқыншылық қадамдар олардың көз алдарында жасылып жатты. 1938 жылы наурызда Германияның Австрияны басып алуы (немістер тұратын барлық жерлерді біріктіру деген желеумен), осы жылы қыркүйекте Мюнхен келісімі бойынша Чехословакияның Судет облысын (ел көлемінің бесен бірі және халқының төрттен бірі), көп ұзамай бүкіл Чехословакияны жаулап алуы-ақ немістердің басқыншылық әрекеттерінің ауқымдылығын алдын ала білдірген болатын.

Тарихшылар екінші дүниежүзілік соғыстың басталуын Германияның Польшаға басып кіруінен, 1939 жылдың 1 қыркүйегінен бастайды. Польшаға одақтастық міндеттерін орындау мақсатында Англия мен



Фотол: Милль Дерекзаспен.

СОҒЫС – адамзат қасіреті

Франция Германияға қарсы соғыс жариялағанымен, Польшаға нақты көмек көрсетілемді. 40 күнде Польша мемлекеті толық жаулап алынды. 1939 жылдың 30 қарашасында кеңес-фин соғысы басталып, ол 1940 жылдың 12 наурызында аяқталды. Кеңес тарихында бұл соғыс туралы көп айтылмайтын, өйткені бұл соғыс КСРО тарапынан әділетсіз соғыс болатын. Кеңес Одағы бұл соғыста өзінен едәуір әлсіз Финляндияны үлкен шығындарға жол бере отырып қана жеңе алды. Бір миллионнан астам кеңес әскерлеріне 300 мыңдай фин әскерлері қарсы тұрды және оның 50 мыңы ғана жақсы үйретілген тұрақты әскер болатын. Атақты «Маннергейм бекінісі» алу үшін болған Суомуссалми түбіндегі шайқаста Қызыл Армия 27 мың адамынан айырылса, Финляндияның шығыны 900-дей ғана болды. Кеңес Одағы соғысты бастағандағы мақсатына жеткеннен, оның халықаралық беделіне үлкен нұқсан келді және әскери көп шығынға ұшырады.

Польшаны жаулап алудан кейінгі Германия 1940 жылы көктемде Солтүстік және Солтүстік-Батыс Еуропа елдерін жаулап алуға кірісті. 9 сәуірде Германия Дания мен Норвегияның бейтараптылығын бұзып, олардың жеріне басып кірді. Дания жеңілгендігін бірден мойындады. Немістер Данияны жаулап алуға 2 адамынан ғана айырылды, 10 адамы жараланды. Норвегия үшін болған шайқаста Германияның әскери-теніз күштері едәуір шығынға ұшырағанымен, көп ұзамай Норвегия үкіметі де жеңілгендігін мойындады.

1940 жылы 10 мамырда гитлерлік Германия Батысқа жорығын бастады. Бельгия, Люксембург және Нидерландыны тез жаулап алған немес әскерлері, бір аптаға жетпей Франция жеріне кірді. 18 мамырда немес әскерлері Моса өзеніне қарай француз шебі бұзып өтті. Кале маңында тұрған 350 мыңдық ағылшын-француз әскерлерінің ту сыртынан шықты. 22 мамырда Гудерманның танк құрамасы ағылшын-француз әскерлерінің кейін шегінер бірден-бір мүмкіндігі Кале портына жақындады. Бірақ Гитлер ешкім күтпеген жорықты тоқтату туралы бұйрық берді. Гитлердің осы кәтелігі ғана 350 мыңдық ағылшын-француз әскерлерін аман алып қалды. Қоршаудағы ағылшын-француз әскерлері теңіз арқылы Англияға кетіп үлгерді.

5 маусымда немістердің Францияның ішкі аймақтарына шабуылы басталып, ол 22 маусымда Франция үкіметінің жеңілгендігі туралы бітімге қол қоюымен аяқталды. Франция үшін масқара бітім шарты 1918 жылы Германияның жеңілгендігі туралы бітімге қол қойылған мұражайдан алдырылған, маршал Фомштың вагонында жасалды. Осылайша Германия өзінің бақталасы Францияға деген өшпенділігін дәлелдеді. 1941 жылғы көктемдегі Балкан соғыс науқаны нәтижесінде Югославия мен Греция жаулап алынды. Одан бұрынрык Венгрия, Румыния және Словакия, Германия, Италия және Жапонияның дүние жүзін бөлісу туралы Үштік келісіміне қосылған болатын. 1941 жылдың көктемінде Европада бейтараптығын сақтаған үш мемлекет қана Швейцария, Швеция және Ирландия қалды.

Еуропа елдерінің барлық күш-қуатын, экономикалық әлеуетін пайдаланған Германия КСРО-ға қарсы «Барбаросса» соғыс жоспарын жасады. Бұл жоспар бойынша Кеңес Одағын 8-10 апта аралығында талқандау жоспарланды. Гитлерлік командованиенің КСРО-ға қарсы шабуыл жасау

жоспары және оның дәл мерзімі Сталинге мәлім болғанымен, ол қандай да бір жанжал және арандатушылық туып кетпеу мақсатында шекара маңындағы әскерлерге соғысқа дайындық туралы бұйрық бермеді. Керісінше, шекара маңындағы әскерлерге немістердің арандатуына түсіп қалмауға, қарсы ок аптауға бұйрық берілді. Қару-жарақтар мен ок-дәрілер қоймаларда сақталды. 1939 жылы 23 тамызда КСРО мен Германия арасындағы бір-біріне шабуыл жасауға жасау өзара ықпал жасау аймағы туралы келісімге деген сенімділік басым болды. Бұл туралы соғыс қарсаңында шекара әскерінде қызмет еткен соғыс ардагері М.М.Марков былай деп еске алады: «Соғыстан екі апта бұрын комсомол бөлмесінде «Германия – Кеңес Одағының сенімді досы» деген тақырыпта лекция оқылды. Лекциядан кейін танкілер консервацияға қойылды, қару-жарақтар қоймаға тапсырылды. Екі аптадан кейін аспанда ұшақтар көрінді. Біз өзіміздің әскерлердің жаттығуы басталған екен деп ойлап, оған мән бермедік. Олар екпіндете келіп, қоймаларға бомбалар тастай бастады.

«Бұл оқу-жаттығу бомбалары» (цементтен жасалған) деген айқап естілді. Бірақ үлкен жарылғыштық болып, қоймалар өртене бастады. Ұшақтар екінші қайтара оралып, басқа да әскери объектілерді бомбылай бастады. Осыдан кейін ғана біз соғыстың басталғанын түсіндік».

Маскеудегі герман елшілігі де бір сағаттан кейін ғана сыртқы істер халық комиссары М.В.Молотовқа Германияның КСРО-ға соғыс жариялағаны туралы нотаны тапсырды. Осыдан кейін ғана әскерлерге нақты бұйрықтар беріле бастады. Бұл кезде көп жерлерде байланыстар үзіліп қалған болатын. Жаудың күші мен оның шабуыл жасау бағыттары туралы мәліметтер болмаса да, кеңес әскерлеріне жаудың шабуылын тойтарып, қарсы шабуылға шығуға бұйрық та берілді. Бірақ бәрі де кеш болатын. Алғашқы күндерден бастап-ақ, кеңес әскерлері ауыр шығындарға ұшырады. Белосток пен Минск түбінде кеңес әскерлерінің үлкен екі тобы қоршауға түсіп қалды. Неміс командованиесінің мәліметтері бойынша, бұл екі топтан 300 мың тұтқын, 3 мың танкі, 2 мың зенбірек қолға түскен. Кеңес әскерлерінің қоршауға алынуы бұнымен аяқталған жоқ. Герман қарулы күштері штабының мәліметтері бойынша Умань ауданы маңында 100 мың адам, 300 танкі, 800 зенбірек, Смоленск бағытындағы шайқаста 350 мың адам, 3 мың танкі, 3 мың зенбірек, Гомель, Бобруйск маңында 80 мың адам, 140 танкі, 700 зенбірек, Киев маңында 600 мың адам, 4 мың зенбірек, 800 танкі, Брянск пен Вязьма маңындағы шайқастарда 663 мың әскер, 1242 танкі және 5412 зенбірек жау қолына түскен.

Соғыстың алғашқы күндерінде кеңес әскері тәулігіне 24 мыңдай адамынан айрылып отырды. Шайқастың алғашқы алты ай ішіндегі шығыны 3 миллион 138 мыңға жетті. Бұндай үлкен шығындар туралы кеңестік тарихта бұрын айтылмады. Бұл шығындардың себебін әскери мамандар соғыстың тұтқиылдан басталуынан, немістердің Еуропа елдерін жаулап алу тәжірибесінің болуынан, жаудың әскери күш-қуатының басымдылығынан, Қызыл Армия қолбасшылығының қателіктерінен және кеңес әскерлерінде қару-жарақтың жетіспеуінен түсіндіреді. Кеңес әскерлері сонымен бірге қорғана отырып, қарсы шабуылға шығуға үйретілген болатын. Әскери естеліктер мен мемуарларда қоршау тактикасы мен одан бұзып шығу туралы үй-

ретілмегендігі, ол туралы ешқандай түсініктің болмағандығы жайлы айтылады.

Дегенмен де, қоршауға түскен кеңес әскерлерінің бір бөлігі қиян-кескі шайқастардан кейін қоршауды бұзып өтіп, өз бөлімдеріне қосылды немесе партизан отрядтарын құрды. Ал тұтқынға түскендердің қандай күйге түскенін соғысты көрмеген біздерге айтып жеткізу қиын. Еуропа елдерінің әскери тұтқындарымен салыстырғанда біздің тұтқындардың көрген қияметін ешкімнің басына бермесін. Басқа мемлекеттердің тұтқындары Женева, Гаага конвенцияларының шешімдеріне сәйкес, Халықаралық Қызыл Крест арқылы азын-аулақ болса да өз елдерінен киім-кешек, азық-түлік және тағы да басқадай заттар алып тұрды. Ал Сталин болса кеңес тұтқындарын «Отанын сатқан опасыздар» деп айыптап, қандай да бір көмек беруден бас тартты. Соғыс аяқталғаннан кейін одақтастар тұтқында болған өз отандастарын жаңа киіммен қамтамасыз етіп, алғашқы медициналық көмек беру, сауықтыру шараларын жүргізіп барып, жайлы ұшақтармен, купелі вагондармен елдеріне қайтарды, әскери шендерін жоғарылтты, тұтқында болған жылдары үшін өтемақы төледі. Ал тұтқында болған кеңес әскерлерін вагондарға топырлата отырғызып, елге келгеннен кейін бірнеше мәрте тексеруден өткізді, опасыздар ретінде жазаға ұшырады, тұтқында болған деген атаумен кемсітушілік көрді.

Шыныдққа жүгінетін болсақ, тұтқынға түскендердің көпшілігі жау қолына жаралы болып, шегіне алмағандықтан, ес-түсінен айрылғандықтан немесе оғы таусылғандықтан түсті. Айта бісек, тұтқынға түсу де – әскери маневр. Тұтқынға түсу – өмір сүруді жалғастырудың соңғы мүмкіндігі. Оның өзі жауға қарсы күресті жалғастыру деген сөз. Тұтқынға түсуден қауіптеніп өзін-өзі ату дұрыс түсіне алмас – қылмыс. Құранда да өзіне-өзі қол жұмсау қылмыс болып саналады.

Сенімді дерек көздері бойынша кеңес халқының 5,3 млн адамы жау тұтқынында болған. Сталин қайтыс болып, Хрущевтің «жылжымқас саясаты» кезінде олардың көпшілігі ақталғанымен, оларға мемлекет тарапынан, бұрынғы биліктің оспадарсыз саясаты үшін, оларға көрсеткен зорлық-зомбылығы үшін кешірім сұралған жоқ. Бұрынғы КСРО өмір сүруден қалғанымен, қазіргі Ресей Федерациясы және басқа да тәуелсіз мемлекеттер басшылары бұрынғы билікті айыптап, жазықсыз жапа шеккендерден кешірім сұраса, олардың мәртебесі жоғарыламаса, кішірейе қоймайды.

Соғыстың алғашқы күндері мен ай-діктерден соң, үлкен шығындарға ұшырағандарына қарамай кеңес командованиесі ес жиып, немес әскерлерінің шабуылына қарсылық күшейе бастады. Фашистердің алға жылжуы қиындап, жау әскерлерінің шығыны да көбейе түсті. Қорғаныстың және қарсы шабуылға шығудың оперативтік жоспарлары жасалып, олардың көпшілігі өз нәтижелерін беріп те жатты. Адам шығыны мен жау басып алған территорияларда қалған өнеркәсіптік шығындардың көптігіне қарамай, кеңестік экономика әскерді қару-жараппен, ок-дәрімен, көлікпен, киім-кешекпен дер кезінде қамтамасыз етуге көл жеткізді. Еліміздің шығыс аудандарына, оның ішінде Қазақстанға көшірілген өндіріс орындары тез арада іске қосылып, өнімдер бере бастады. Соғыс жылдарында Қазақстанға жау басып алған аудандардың 220-дан астам зауыттары мен фабрикалары көшіріліп әкелінсе, 460-тан астам жаңа өндіріс орындары іске қосылды. Қазақстан елдегі барлық қорғасынның 85%-ын, мыстың 35%-ын, түсті металдың 79%-ын берді.

КСРО-ға төнген қауіптен бүкіл әлем үшін орасан зор зардаптарының бар екендігін түсінген АҚШ пен Ұлыбритания Кеңес Одағына көмек беру туралы шешім қабылдады. 1941 жылғы 29 қыркүйек-1 қазанда болған Мәскеу конференциясында жасалған үш жақты келісім бойынша АҚШ пен Ұлыбритания Кеңес Одағына қару-жарақ пен азық-түлік беріп көмектесуге міндеттеме алды. АҚШ ленд-лиз бойынша Кеңес Одағына өсімсіз 1 млрд доллар қарыз берді. Одақтастар соғыс жылдары КСРО-ға 13 мың танк, 22 мың ұшақ, 427 мың жүк машинасын берді. Осылайша фашистік Германияға қарсы одақтың негізі қаланды. 1942 жылғы 7 желтоқсанда жапондар АҚШ-тың Гавай аралдарындағы (Оаху аралы) ең ірі әскери-теңіз базаларының бірі Перл-Харборға кенеттен шабуыл жасап, американдықтардың әскери-теңіз флотына едәуір шығын келтірді. АҚШ-тың бұл шығыны 1898 жылғы испан-америкн соғысы мен бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери-теңіз флотындағы шығындарын қоса есептегеннен үш есе асып түсті. Осыдан кейін ғана АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттері Жапонияға соғыс жариялады. Антигитлерлік одақтың құрылуы және ұрыс қимылдарының Тынық мұхит бассейні мен Солтүстік Африкада және кеңес-герман майдандарында қатар жүруі Жеңіс күнін біршама тездетте түсті.

Алғашқы одағы созылған сұрапыл соғысы жауан дейін болған соғыстар тарихында болмаған ірі-ірі шайқастармен әйгіленді. Атап айтар болсақ, Сталинград түбіндегі шайқас, Курск шайқасы, Днепрден өту, Ленинград қорғанысы, Берлинді алу, Солтүстік Африкадағы Эль-Аламейн шайқасы, одақтастардың Нормандиядағы, әлемдік соғыс тарихындағы ең ірі десанттық операциясы, теңіз шайқастарынан жоғарыда аталған Перл-Харбордан басқа, Ява аралындағы, Королл теңізіндегі, Гуадоканал аралындағы және тағы басқа шайқастарды айтуға болады.

Бұл соғыста әскери қолбасшылар да өздерінің ұйымдастырушылық таланттарымен әйгілі болды. Оларға «Әскери қолбасшы дегеніміз – халықтың тағдырын шешетін ұлы тұлға» деп баға берген генерал-фельдмаршал Гельмут фон Мольтке, оларды соғыс тағдырын шешетін қайраткерлерге теңеді. Көптеген елдердің әскери қолбасшылары адамзат тарихындағы ең ірі соғыста өз елдерінің ғана емес, екінші дүниежүзілік соғыстың тағдырын шешкен соғыс операцияларын дайындады және оларды аса дәлдікпен жүзеге асыра білді. Олардың қатарына И.В.Баграмян, А.М.Василевский, Н.Ф.Ватутин, Ф.И.Говоров, Г.К.Жуков, И.С.Конов, Р.Я.Малиновский, К.К.Рокоссовский (Кеңес Одағы), Дж.Коллинз,

Д.Макартур, Р.Тернер, Д.Эйзенхауер, О.Брэдли (АҚШ), Б.Монгомери, У.Теддер, А.Уэйвелл, Б.Фрейзер (Ұлыбритания), Шарль де Голль (Франция), К.Маннергейм (Финляндия) және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Әскери таланты мен ақыл-ойын басқыншылық операцияларға жұмсаған Ф.Бок, Д.Дениц, Э.Майштейн, В.Модель, Ф.Паулюс, Э.Реммел (Германия), И.Ямомота, Т.Ямасита (Жапония), Дж.Мессе (Италия) және тағы басқаларсыз аталған елдердің жаулап алу соғыстарын көзге елестету қиын. Өйткені, жаулап алу соғыстары да тарих. Олардың аттары да соғыс тарихында қалды.

Одақтас мемлекеттер басшылары И.Сталин, Ф.Рузвельт, У.Черчилльдің күллі адамзат баласына қауіп төнген сын сағатта өзара келісімге келіп, антигитлерлік одақ құруы және олардың қатысуымен өткен Тегеран, Ялта, Потсдам конференциялары шешімдерінің екінші дүниежүзілік соғыстың басым бағыттарын айқындай алғанын және ортақ жеңіске жеткізе алғандығын бүкіл адамзат баласы мойындайды. Бүкіл Еуропаны жаулап алып, аяғына таптаған, сол елдердің бүкіл экономикалық күш-қуатын пайдаланған, бақайшыла да дейін қаруланған, соңғы әскери техникамен жарактанған, жаулап алу ұрыстарының тәжірибесінен өткен, сан жағынан да, әскери техника жағынан әлдеқайда басым жауды біз қалай жеңдік?

Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Кеңестер Одағы деп аталатын Отанын қорғады. Бұл соғыста бүкіл халықты бір идеология туының астында біріктіре алған кеңестік насихат та аз рөл атқарған жоқ. Бұл соғыста бүкіл елде темірдей тәртіп орнатқан, соғыс жоспарлары мен операцияларын жасауда көрегендік танытқан, Батыс елдерімен ынтымақтаса білген Бас қолбасшы И.В.Сталин мен кеңестік әскери қолбасшылардың да атқарған рөлі аз емес. Біз оны да мойындай білуіміз керек. Жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан көп ұлтты мемлекетті ел басына қиын-қыстау күн туған аласапыран сәтте бір тудың астында біріктіру әсте де оңайға соққан жоқ. Бұрын Ресейдің отарлық теңерішін көрген Кавказ, Орта Азия және Прибалтика халықтарының өз елдерінің амандығы үшін бір сәтте ыдырап кетуі де әбден мүмкін еді. Тарихта ондай оқиғалар аз да кездеспеген.

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Бұл соғысқа 1,7 млрд халқы бар 61 мемлекет (әлем халқының 80%) қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекеттің жерінде жүріп, 110 млн адам әскер қатарына алынды. 60 млн адам қаза тапты. Әлемдік тарихта «Холокост» деген атпен белгілі болған еврей халқын жою саясаты жүргізілді. Фашистер барлығы 6 млн еврейді қырғынға ұшыратты.

Соғыс жылдарында КСРО-27 млн, Германия – 13,6 млн, Польша – 6 млн, Қытай – 5 млн, Жапония – 2,5 млн, Индонезия – 2 млн, Югославия – 1,7 млн, Филиппин – 1 млн, Франция – 600 мың, Англия – 375 мың, АҚШ – 275 мың адамынан айрылды.

АҚШ-тың адам және материалдық шығыны негізінен Жапонияға қарсы соғыста болды. Бұл шығындардың қайтарымын АҚШ үкіметігі ешқандай ақтауға келмейтін екі атом бомбасымен ғана қайтарды. Бұны Трумэннің Жапониядан кек қайтару саясаты деп қана түсінуге болады.

Бұл Жеңісте қазақстандықтардың да қосқан үлесі зор. 1 млн 360 мың қазақстандық Кеңес Армиясының қатарында ел қорғауға аттанып, зұлтым жаумен шайқасты. 600 мың қазақстандық майдан далаларынан қайтып оралмады. Бұның ішінде 550-600 мың қазактың 350 мың майданда қаза тапты немесе хабар-оңарсыз кетті. Қарапайым арифметикаға жүгінесек Кеңес халқының 15%, қазақстандықтардың 11% (майданға аттанған әрбір қазақстандықтың екіден бірі, әрбір қазактың 70%) қаза болды. Олардың сүйегінің қай жерде шашылып қалғанын немесе қайда жерленгенін туыстары да білмейді. «Қаза тапқан соңғы орыс солдатты жерінен, күрметке ие болғаннан кейін ғана соғыс аяқталды дегуге болады» деп А.В.Суворов айтқандай, әлі күнге дейін соғыста қаза болғандарға лайықты құрмет жасай алмай келеміз. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деп қанша жерден айтқанымызбен қаншама бодастарымыз халықарсыз кетті немесе соңғы күрметке (лайықты жерлеу рәсіміне) ие бол алмады. Қаза тапқандардың ерлік жасағандар ғана құрметтелуде. Ал ерлік жасағысы келген, майданға өз еріктерімен аттанған, бірақ жаумен соғысып, ок атып ұлтырмеген, соғысқа кіріскен алғашқы күннен окқа ұшқандар (қаңғыған оқтан, бомбаудан, снаряд жарылысынан және т.б.) ше?

Қорыта айтқанда, біз Жеңіс күнін жақылдатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Тірілерге құрмет көрсетіп, қаза болғандарды риясыз еске аламыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен ажырағысыз және бір-бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс – біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтары мен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Бүгіндегі әулеттердің түбіне жеткен, ошағын өшірген, ананы жесір, баланы жетім қалдырған бұл алапаттық зардаптарын жою қашанға дейін созылады? Бір нәрсе ғана ақиқат. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, Жеңісті жақылдатқан түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертенгі күнге үлгі боларлық сабақ. Қазіргі күнгі әлемдегі ең басты проблема да ортақ үйіміз – Жер шарын соғыс өргінен сақтау, бейбітшілік, аймақтық соғыстарға жол бермеу, терроризмге қарсы күрес және дінарлық, ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау. Соғыстың барлық тарихи дәуірлерде қосқан дамуына кері әсерін тигізгенін ешқашан да ұмытпауға тиіспіз.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
саяси ғылымдар докторы,
профессор,
Сенаторлар кеңесінің мүшесі



1939-1945 жылдары болған Екінші дүниежүзілік соғысты – шығыны мен залалы жағынан, жаһанда ең ауыр соғыс деп атауға болады. Себебі, 6 жылға созылған майданға әлемнің 60-тан астам елі қатысып, 60 миллионға жуық адам құрбан болды. Сол кезде Кеңестер Одағының құрамында болған Қазақстан да бұл соғыстан тыс қалмады. Еліміздің түкпір-түкпірінен 1,2 миллионнан астам азамат елін-жерін қорғауға аттанды. Олар майдан шебінде жандарын аямай соғысып, жеңіс күнін жақындатса, тылда – аталарымыз бен әжелеріміз, аналарымыз бен апаларымыз, тіпті жас жеткіншектер майдан үшін жұмыс істеді.



ЖАУЫНГЕР БАЛЫҚШЫ

Ұлы Отан соғысына Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты «Сарбасат», «Үшкөл» және «Ақеспе» ауылдарынан 18-43 жас аралығындағы 150-ге жуық ер-азамат шақырылған. Олардың жартысынан астамы елге оралмады.

Отанға, туған жеріне жеңіспен қайтқандар кемде-кем еді. 1970-жылдары «Ақеспе» ауылында 20-ға жуық майдангер болды. Олардың ардагерлер екенін тек Жеңіс күні – 9 мамырда ғана білуге болатын. Кеуделеріне орден-медалдарын тағып, клубтағы жиналысқа келетін, сый-сияпат алатын. Ал басқа күндері олар – ауылдың қарапайым тұрғындары, сыйлы ақсақалдары.

1975 жылы Жеңістің 30 жылдығы «Ақеспе» ауылында да кең ауқымда аталып өтілді. Ауылдың 8 жылдық мектебінде ардагерлерге ерекше құрмет көрсетілді. Мектеп оқушылары сап түзеп, Игіліктер Айман, Сатанов Тойман, Кәрібаев Бахтияр, Қодашев Жаңабай, Кенжалиев Ысқақ, Қарақұлов Қапаш, Нұрпейісов Өмір, Нұрпейісов Манау, Демесінов Кенжегара, Досжанов Оралбай, Досжанов Жайлаубай сынды майдангерлерді пионерлік қошеметпен қарсы алды. Олардың мойнына қызыл галстук тағылып, пионерлер қатарына қабылданды.

Аталған ардагерлер ішінде Қапаш Қарақұловтың орны бөлек болатын. Себебі, болмысы ерекше Қапаш ағай қалаңны адамы секілді үнемі ақ қойлек, қара галстук, қырлы костюм-шалбармен жүретін.

Ол 1923 жылы 17 мамырда Қызылорда облысы Арал ауданы «Сарбасат» ауылында дүниеге келген. Арғы аталары – Бұланбай, Бисенбі ақсақалдар өз заманында ел тізгінін ұстаған, елге сыйлы адамдар болған.

1942 жылы мамыр айында Арал аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен майданға аттанып, әскери дайындықты Чкалов қаласындағы (қазіргі Орынбор қаласы) 242-қосалқы атқыштар полкінде өткізген. Кейін 379-атқыштар дивизиясының 1253-атқыштар полкіндегі 120 мм минометтік батареяның көздеушісі болып әскери қызметін жалғастырады.

1942 жылы қазанда 379-атқыштар дивизиясы Батыс майданның құрамына енгізіліп, Ржев, Сычев, Гжатск және Вязьма өңірлері үшін болған қанды әскери қимылдарға қатысты.

1943 жылы қаңтардан бастап Қ.Қарақұлов қызмет атқарған әскери бөлім Волхов және 2-Прибалтика майдандары құрамына беріліп, Ленинград блокадасын бұзыу шайқастарына қатысады. Осы майданда әскери тапсырмаларды бұлжытпай орындағаны үшін ол 1944 жылғы 18 қаңтарда алғашқы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Мұрағаттан алынған марапат қағазында былай делінген:

«120 мм миномет батареясының көздеушісі, ефрейтор Қапаш Қарақұлов 31.12.43 ж. – 17.1.44 ж. аралығында Невель қаласының солтүстік-батысында болған шабуылдау кезінде тез әрі дәл көздеу арқылы жаудың екі блиндажын талқандап, 30 метрге дейін траншеясын бұзды, қарсыластың доты мен пулеметін және 15 солдатты мен офицерін жойғаны үшін «Ерлік» медалімен наградталады».

1944 жылы наурызда Қ.Қарақұлов «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылады. Полк командирі, майор В.Рязанов кол қойған баяндамада «1944 жылғы 10 наурызда Калинин облысы Пустошкин ауданы Симоново деревнясы маңындағы 184.0 биіктік үшін болған ұрыста 120 мм. миномет көздеушісі Қ.Қарақұлов жолдас өз минометімен жаудың оқ ату нүктесін өте дәлдікпен көздеп, қарсыластың 12 солдатын және офицерін жойды. Жау әскердің әскери тапсырманы орындауын қамтамасыз етті. Осындай ерлігі үшін ефрейтор Қ.Қарақұловты «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттауға ұсынамын» делінген.

Алайда «Қызыл жұлдыз» орденімен соғыс жылдары тек офицерлік құрам ғана марапатталатын болғандықтан, Қ.Қа-

рақұловқа солдаттар мен сержанттарға арналған үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені беріледі. Марапат қағазында қысқаша былай көрсетілген:

«КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы атынан неміс басқыншыларына күресте майдан басшылығының әскери тапсырмаларын үлгілі орындағаны және сол жолда ерлік пен қажырлық көрсеткені үшін «Үшінші дәрежелі «ДАҢҚ» орденімен 1253-атқыштар полкінің көздеушісі, ефрейтор Қапаш Қарақұлов марапатталын».

Ал 1944 жылы сәуірде миномет көздеушісі, ефрейтор Қ.Қарақұлов «Ленинградты қорғауға қатысқаны үшін» медалімен наградталды.

Осы жылдың желтоқсан айында майдангер бірінші Украина майданы құрамында соғыс жолын жалғастыра отырып, 22 жасында Жеңіс күнін Германияның Дрезден қаласында қарсы алды.

Соғыс соңында Қапаш Қарақұлов «1941-1945 жылдары фашистік Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды.

Майдангер жеңістен кейін бірден елге қайтарылмады. 1945 жылы ішпінде Қ.Қарақұлов қызмет еткен әскери бөлім Белоруссия аумағына тұрақтады. 1947 жылдың наурызында ғана ефрейтор Қарақұлов туған ауылына дін аман оралды.

Жеңімпаз жауынгер Отанға оралысымен еңбек майданына белсене кірісті. Есепші, қойма менгерушісі, инструктор секілді жұмыстарды абыроймен атқарды.

Аудан басшылығы майдангердің ынта-қабілетін, жауапкершілігін, білім деңгейін және талабын ескере келе, оны 1952 жылы Дондағы Ростов қаласындағы «Ростов балық шаруашылық техникумының» бір жылдық курсына жіберді.

Осылайша, ол 1954 жылдан бастап Арал өңіріндегі балық шаруашылығының өркендеп дамуына өз үлесін қосты. 1954-1976 жылдары Ұялы балық зауытында, Қамыстыбас балық өңдеу зауытында, Үшкөл, Ауан, Ақеспе балық зауыттары мен балық өңдеу мекемелерінде басшы болды. Ал 1976-1988 жылдары ол Қызылорда балық зауытында инженер-технолог лауазымын абыроймен атқарды.

Осы жылдар Аралдың сазаны мен бекіресі, қазы мен жайыны, тістісі бүкіл одаққа танымал болған жылдар еді. Ұлы Отан соғысында жан беруге дайын болған ардагер еңбек майданына да өлшеусіз үлес қосып, абырой мен данikka бөленді.

Осының нәтижесінде 1965 және 1975 жылдары Казак ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1973 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», 1975 жылы «Тоғызыншы бесжылдықтың жеңімпазы», 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталды.


1988 жылы 26 қаңтарда қос майданның жеңімпазы атанған соғыс ардагері Қапаш Қарақұлов 65 жасында дүниеден өтті.

Арада 30 жыл өткеннен кейін майдангер есімін мәңгі есте сақтау мақсатында ұрпағы мен қоғам белсенділерінің атсалысуымен және жергілікті атқарушы органдарының қолдауымен Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентіндегі бір көшеге есімі берілді.

Қ.Қарақұлов қызы туралы әңгімелерге ешқашан араласпайтын. Тіпті, майдандағы оқиғалары туралы да ешкімге тіс жарған емес. Мұның себебін, ауыл басшысы ретінде бос әңгімеге араласпауынан, балық шаруашылығы саласының білікті маманы ретінде үнемі жұмыс пен жиналыста жүруінен және мінезі мен тектілігінен деп түсінуге болады.

Алайда, «ешкім, ешқашан ұмытылмайды» дегендей, оның ерліктері Ресейдің Қорғаныс министрлігінің архивінде және ауылдастарының есінде мәңгі сақталады.

Берекет КӨРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д.,
Әл Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры, Қазақстанның
енбек сіңірген қайраткері



Жалпы, Бедебек әулетінен бес азамат бірдей Ұлы Отан соғысына аттанып, төртеуі елге оралмаған. Олар туралы «Боздақтар» кітабында да майдан даласында ерлікпен қаза тапты деп көрсетілген.

Олар Бедебек баласы Серікбай атаның екі ұлы және інісі Бәкірдің екі баласы. Оларды жеке-жеке атап өтейік.

Мерғазы Бәкірұлы, 1916 жылғы. Қызылордадағы совхозтехникумында оқып, агроном болып қызмет істеген. 1940 жылы әскерге шақырылған. Соғыс басталғанда аға лейтенант шенінде майданға түскен. 1941 жылдың ішінде хат келген, көп ұзамай хабар үзілген.


Бақберген Бәкірұлы, 1920 жылғы. Ол да Қызылорда совхозтехникумын бітірген. Ағасымен бірге әскерге кеткен. Соғыс басталған жылы хат келген, онан арғы тағдыры белгісіз.

Мерсұлтан Серікбайұлы, 1918 жылғы. Теміржол техникумын бітірген. 1940 жылы әскерге алынып, 1941-1945 жылдың қаңтарына дейін соғыстың барлық ауырталығын көрген. Дәл осы уақыттан кейін хабар-ошарсыз қалған.

Мерлі Серікбайұлы 1921 жылы өмірге келген. Қызылордадағы транспорт техникумын бітірген. Облыстық сотта қызмет еткен. 1940 жылы Қызылордадан әскерге шақырылып, содан әрі соғысқа кірген. 1942 жылға дейін үйіне хат келіп тұрған. Одан кейін мүлде хабарсыз қалған.

Серікбай атаның үлкен ұлы Ерлі Бедебеков майданда 1943 жылы желтоқсан айында аттанды. Әуелі ол Ташкенттегі жаяу әскер училищесінде үш айлық курста оқып, сол жерден 2-Беларусь майданына келіп кірді. Тарихта таялмен аяқс бейнесінде қалған бұл майдан жауынгерлері Рейхтың ең күшті «Орталық» аталған армиясының 800 мыңнан астам адамын, 900 танк, 1300-ден астам ұшағын жойып жіберді. Осы қырғында жалын кешкен жауынгерлердің бірі Ерлі еді.

Ол 33-атқыштар полкі, 96-атқыштар дивизиясы құрамындағы миномет взводның командирі болды. Миномет көздеп ататын мылтық емес, алыстан есептеп ататын қару. Оны бірнеше адам аркалап жүреді. Осыдан-ақ оның соғыстағы қиындығын білуге болады. Командир Бедебеков басқарған минометшілер әр шабуылда қарсы ұмтылған жаудың күшін әлсіретіп отырды. Қаншама дұшпан жер жастанды. Қасап майдан қызық әңгіме емес, сондықтан болар, Ерлі әке соғыс туралы көп айта бермейтіні.



Аманат

Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр жылдарында жауға тойтарыс беріп, барша жұртқа бейбіт өмірді тарту еткен жауынгерлердің көбісі қазір арамызда жоқ. Меңің әкем Жақыпов Бейсен Мықанұлы да қас дұшпана қасқайып қарсы тұрған ержүрек азаматтың бірі болды.

1916 жылы бұрынғы Сырдария ауданына қарасты «Бірқазан» ауылдық кеңесі «Жанатұрмыс» колхозында дүниеге келген ол 1936 жылы Өзбекстанның Наманган қаласындағы педтехникумды бітірді. Одан кейін туған ауылға оралып, оқытушы қызметіне кірісті. 1940 жылы Түркіменстан астанасы Ашхабад қаласында әскери дайындықтан өтіп, 1941 жылы соғыс басталғаннан 1 Украина майданы №106 дивизия құрамындағы атқыштар полкіне қосылды. Сол жылдың тамыз айында Украинаның Смолensk майдан шебіндегі қиян-кескі ұрыс кезінде жаракат алды. Минаның жарықшақ оғы салдарынан сол жақ аяқтың ортан жілігі ортасынан қиылып кеткен екен.

Қансырап жатқан кезінде орман жиегінде 5-6 әскери солдатты көреді. Сол

«Ұлы Отан соғысы» деп аталған қан кешкен қырғында оққа қалқан болған батыр аталарымыздың атын тарихта қалдыру – ер болмысты елші ұрпақ тәрбиелеудің бір жолы. Бұған ешкімнің таласы болмаса керек.

Ресейлік «Бессмертный полк» сайтында 9 миллион соғыс солдаттының дерегі тізімделген. Біреулердің «көне коммунистер» идеясы деп жүрген бұл дәстүрде ел үшін отқа түскен ерлік иелерінің өлмес бейнесі, өшпес ізі бар. Осы сайттан біз Ерлі Серікбайұлы Бедебековтің есімін де кездестірдік.

АУЫРДЫ АРҚАЛАП, ҚИЫНДЫ ЖЕҢГЕН

Бұл Беларусь майданының соғыста шешуші рол атқарғанын тарихтан білеміз. Жеңіске жол ашқан сол сұрапылдың соқпағында Ерлі Бедебеков от жалаған оқтан жараланып, госпитальға да түсті. Қайта тұрып, қолына қару алды. Ешқашан шегінбеді, ерлікке ұмтылды. Сталиннің өзі «темір генерал» деп атаған атакты Сабыр Рахымовпен бір майдан сапында соғысты.

Соғыста екінші біріне аға лейтенант шені берілмеген. Бұл шен Ерлінің жауынгерлерді рухтандыра білген көшбасшылығын көрсетеді. Ал жеңіс жауынгерінің кеудесіндегі I дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін» медалі оның батырлығы мен айбынды болмысының белгісі.

Соғыстың сойқанын бастан кешіп, ағайын арасына аман оралған Ерлі Серікбайұлы Ташкенттегі өнер институтында Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановпен және Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматовпен бірге оқыған.

КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болған. Кеңестік кезеңде бұл ұйымдарға қазіргей жазу-сызу білетін кез келген адам қабылданбайтын. Бұл кісінің жазу талантына тәнті болған үлкен жазушылар оны талай мәрте Алматыға шақырған. Егер Ерлі әке Алматыға кеткенде сөз жоқ, Қазақстанға белгілі қаламгерге айналар еді. Ақындық, жазушылық, драматургтік дарынның қызметпен араласқанда алдыға оза шаппайтыны бар. Ол кісінің том-том кітап жазып қалдыра алмауында осындай сырлар жатыр. Ағамыз Теренөзек аудандық газетінде, облыстық газетте, облыстық радиокomitee редакциясында тілшілік қызметтер атқарды. Облыстық филармонияны, облыстық музейді басқарды. Осындай қат-қабат тіршілікте жүріп-ақ қанмен келген сөз өнеріне барынша қызмет етті. Көптеген мерзімді баспасөздерде Ерлі Бедебековтің көркем туындылары әр кезде жарияланып, талғамды оқырманмен қауышып жатты. Н.Бексезанов атындағы драма театрында А.Токмағамбетовпен бірге бірнеше драмалық шығармасы сахналанды.

Белгілі ақын Мұқтар Сақтаповтың мына бір естелігі де ол кісінің талантын танытады: «Екеуіміз 1963 жылы аудандық «Еңбек майданы» деп аталатын қазіргі «Тіршілік тынысы» газетінде қызметтес болдық. Ірі денелі, болымды, толымды, сесті кісі еді.

Редакцияда менің әйелім әріп теруші болып жұмыс істеді. Ерекен жедел мақалаларды ауызша айтып тергізетін. Оны «диктовка» дейді, кез келген тілші диктовка жасай алмайды, өйткені, диктовкадан дайын мақала шығуы тиіс. Мақала көркем түрде дайын шығу үшін оған ойлану керек, бір жазғаныңды өшіріп екі-үш қайтара жазасын. Ал мақала Ерекеннің аузынан дайын күйінде түсе берді...»

Ерлі нағашысы жайында Әлмағанбет Танысқбаев былай дейді:

«Нағашымыздың атын құжаттағыдай емес, бәріміз де Ерғали аға деп атайтын едік. Кішкентай кезімізде қалада тұратын ағаның үйіне көп келетінбіз. Ол кісі мектепте менің әкем Дербісәлімен бірге оқыған, мектептен соң Ташкенттегі өнер институтына түскен. Оқу бітіріп келіп, мәдениет саласы жұмысына араласқан. Кейін сол саланы басқарған. Биші қыз Рахила Ережепқызымен бас қосты. Бұл үйге көптеген атакты жазушылар, эңшілер ат басын бұратын. Олардың ішінде Роза Бағланова, Сәбира Майқанова болатын. Зейнолла Шүкіров те жақын, көрші тұратын. Жастау кезімізде сол үйге барып жүргенде көретінбіз. Әніш апалардың жүзкітері, әшекейлері көз арбайтын. Олар үйдегі дастарқанда сызылып ән салатын. Сол кезде бұл үйде пианино болатын. Сол қүйсандық қазір баласы Шыңғыстың үйінде тұр.

Ерғали ағаның қыздары Сакина, Әсиялар кішкентай кезінен сол әшекейлі эңшілерді, олардың мәдениетін көріп еді. Сондықтан бұл үйдің қыздары эстетикалық талғамы жоғары болып бойжетті.

Ағаның Ерденбек, Темірбек, Мерлі есімді үш ұлы да дүниеден өтті. Темірбектің баласы Мейірсалам қазір Мәскеуде тұрады. Жақында бізге Мәскеудегі «Патриоттар паркінде» Ерлі аталарына тағзым еткен немере, шөберелерінің бейнежазбасын салды. Қуанып қалдық.

Ал Шыңғыс Ерліұлы қазір Қызылордада тұрады, кәсіппен айналысады. Нағашымыздың арты жақсы, саналы ұрпағы майдангер аталарының атын ұлықтап өсіп-өніп жатыр».

Міне, біз бүгін бейбіт күннің бақыты үшін ауырды аркалап, қиынды жеңген тағы бір тамаша тулғаны еске түсірілді. Мұндай мұзарт болмысты жандардың есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

дығы мен ерлігін өмір бойы есте қалдыру үшін әрі сондай азамат болсын деп немереніздің есімін Мелдеш деп қояйық» дейді.

Қарулас қырғыз досы Мелдешке келер болсақ, әкеміз оны 30 жыл бойы іздестірумен болды. Бірақ қырғыз елінен Мелдеш, не анасы жайлы ешқандай деректер табылған жоқ. Кейіннен Мәскеудің әскери архивінен хабарсыз кетті деген хат алады.

Өмір – үлкен жол. Кез келген қиын кезеңде тек тазалық пен ақ адал бейнетті алдына бағдаршам етіп ұстаған ұстаздың бірі – әкеміз Бейсен еді. 1942-1975 жылдар аралығында балдаққа сүйеніп, бір аяқпен ұстаздық қызметін 30 жылдан астам уақыт жалғастырды. Жас ұрпаққа ізгілікке толы тағылым көрсетті. Тәрбиесі мол азамат еді. Өмір жолы ұрпаққа өнеге, үлгі ретінде сақталып қалды.

Отан мен халық алдындағы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерен еңбегі үшін» және «Еңбек ардагері», КСРО Қарулы күштерінің мерекелік медальдарымен марапатталған.

Ата-анамызға балаларының өсіп-өнгенін, немере қызығын көруді нәсіп етті. 1984 жылы 70 жасында дүниеден озды. Анамыз Биназирқызы Патыма екеуі 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Анамыз 2003 жылы 81 жасында дүниеден өтті.

Үлкен ұлы Мелдеш әке жолын жалғастырып, Сырдария ауданында мұғалім болды, Комсомол, партия қызметтерін абыроймен атқарды. Өзім инженер-гидротехник мамандығын алып, өңірдің су шаруашылығы саласында еңбек еттім. Елеусіз, Қайрат, Кенжебек және қыздары Күләш, Күлпәш Қызылорда қаласындағы аграрлық институты, ауыл шаруашылығы және медицина училищесін бітіріп, мамандығына сай қызмет атқарған.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді қазақ. Ата-анамыздың жарқын бейнелерін ұмытпаймыз. Артында қалған ұрпағы өсіп-өнген үлкен шаңыраққа айналды. Біз жеңіс жауынгерлерінің ұрпағы екенімізді мақтаншып тұтамыз.

Береш ЖАҚЫП,
Сырдария ауданының
құрметті азаматы



Партия, кеңес органдарында қызмет атқарған соғыс ардагері, журналист Тенел Жұмабаевтың 1998 жылы жазған естелігінде ақылшы ұстазы Мағау Садуақасовпен Алматы жау әскер училищесінде курсант болып жүргендегі кездесуі, ұстаздың ұлағаты баяндалады.

Сераға, Серғали Еспенбетұлы Толыбеков жасы ұлғайған сайын ұзақ өміріндегі ең бір есте қаларлық өзгелерге ұсынарлық, тағылым-тәрбие аларлық оқиғаларды жиі, көңілденіп, шабыттанып әңгімелейтін.

– Ұзақ өмірімдегі ең бір қызық кезең студенттік жастық шағым. 1927 жылы КазПИ-ге қазақ жастарының қаймағы түсіп, бітірді. Бұлар өмірдің барлық сала-сында алғашқылар болды. Бірінші ғалым-

дері жарасатын, қазақша айтқанда, өзіне құйып қойғандай болатын. Сократ маңдайлы, жасы 30 шамасында еді. Мінезі кең, қарапайым, ұстамды, кішіпейіл, сабақты аз сөзбен дәлме-дәл түсіндіретін. Жауаптың нақтылығын қалайтын. Көп сөйлегенің үшін емес, білгенің үшін, игергенің үшін ғана баға алатынсын.

Сөзуарларға «Шырақ, биология – әдебиет, тарих емес, нақты ғылым. Дәл, нақты

Мякишевке рапорт жазып берді. Мәкеннің басына кара бұлт төнді, мазасы кетті. Ішіміздегі батылдау Көккөзов:

– Левченко, сен ку ағаш туралы сөзінді қоймасан, түнде аузына орамал тығып ун шығармайтындай етіп, мойнына тас байлап, Алматинканың ең терең, ең ағысы қатты жеріне лақтырып жібереміз. Ешкім таба алмайды. Өлімнің бізден болады. Садуақасов кім, сен кім? Фамилияңды дұрыс жаза да алмайсың. Командирлердің малайы, үретін иті. Ескертеміз, сөзді қоймасан өлер сағатың жақын. Тірі жүрем десен, Садуақасовқа ғана емес, бірде-бір қазаққа тілінді қадамайсың, тілінді жыланның тіліндей суырып аламыз. Қай жерде, кімнің жерінде жүргеніңді біл, шегір көз! – деді. Бұл жерде Жұбанов, мен, Жұбанязов болдық. Левченко ауызын аша беріп еді, Көккөзов ақырып жіберді.

– Үндемеймін деп анттыңды бер! – деп бұйырды. Левченко үндемеуге анттын берді. Батырға да жан керек.

Взвод екі палатаға орналасқан. Мәкен екеуміздің төсетіміз қатар. Левченко да бізбен палаталас. Шаршаған Мәкен бірден қатты ұйқыға кетті. Менің ұйқым жеңілдеу, тез оянамын. Левченко жаман қорыққан екен, кейде көрер таңды көзімен атқызып, жүдеді.

Кезекті далалық тактикалық оқуға шыққанда маған:

– Ағайындарың көзімді жоймақшы, Ана Көккөзов пен Жұбанязовтан қорқамын. Ойлары да, түрлері де жақсы емес, – деді.

– Қорықпаныз, сіз қазақтардың арасында туған, өскен адамсыз, мінезін білесіз. «Екі сөйлеген өлім» деген сөзді естіген шығарсыз. Сіз екі сөйлемесеніз, олар да екі сөйлемейді. Ал Садуақасовқа келсеңіз, ол – менің оқытушым, құрметтейтін адамым. Тіл тигізбеуіңізді өтінемін, – дедім. Левченко уәде берді, обалы не керек, сөзінде тұрды. Мәкен туралы еш әңгіме айтпайтын болды.

Командирлердің де командирі бар. Екінші взводтың командирі, лейтенант Елкин нағыз зиялы жан еді. Кейде 2-4 взвод бірге жаттығамыз. Елкин жаттықтырушы болады.

Үзіліс кезінде Мәкенді шақырып алады, шинелін төсейді. Екеуі ұзақ әңгімелеседі. Кейбір әңгімелерінен кейін «Садуақасовты армияға шақырмаса да болар еді. Тылға да білімді адамдар керек емес пе? Сіздер, қазақтар асыра сілтеуді жақсы көресіздер» деп сынап та алатын.

Жасы 50-ден асқан, саяси-әлеуметтік циклдан сабақ беретін аға саяси жетекші Востриков еді. Орталық Комитетте жауапты қызметкер де болған. Біздің ротаға келгенде «Садуақасов, бері келіңізші, әңгімелесейік» деп Мәкенді қасына отырғызып неңі бітіргенің, не істегенің сұрап, түрлі тақырыпта әңгіме қозғайтын. Мәкеннен қазақ халқының тарихынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, мәдениетінен қысқа анықтамалар алып, көп-көп рақметін айтып, жылы қоштасатын.

Курсанттарға жексенбі күні демалыс берілетін. Әңгімелесуімізге мүмкіндік те туатын. Мәкенді әңгімеге шақырамын. Студенттік жылдары кімдермен оқығанын, кімдердің оқығанын сұраймын.

– Көбіне орталықтан түрлі себептермен Алматыға келген ғалымдар оқытты. Сен тіңнен шығарушы болма, Санжар Асфендияров, Ахмет Жұбановтың ағасы Құдайберген Жұбанов, Сәкен Сейфуллин, тағы басқа да профессорларымыз болды.

Қазір республикалық басшылық қызметтерде жүрген Махамбетжан Әбдіхалыков, Серғали Толыбеков, Ахмет Сембаевпен, ғалым Қажым Жұмалиевпен, Хамит Науановтың ағасы Ғадылыша Аялбергеновпен, атақты ақын Тайыр Жароковпен, сыныш Есмағанбет Ысмайыловпен бірге оқып, институтты бірге бітірдік, – деді.

1942 жылдың 20 тамызы. Лагерьде жауынгерлік дабыл қағылды. Училищенің 5 батальоны орталық алаңға сапқа тұрды. Генерал-лейтенант даусы дірілдеп, Сталиннің атышулы «Бір адам кейін шегінебе!» деген № 227 бұйрығын оқыды.

Екі күн өтті, 4-5 батальон, 1-2-3 батальоннан 100-150 курсант майданға аттанатын болды. Бұл қатарға Мәкен де ілінді.

– Тенел, қарағым, інімдей болып кетпін едің. Бірге соғысқа баруға жазбады. Соғыстың аты – соғыс. Ойыншық емес. Бір-бірімізді ұмытпайлық. Аман-сау көрісетін болалық. Артық кеткен жерім болса, кешірсенің, – деді.

– Аға-ау, кешіретін не бар? Майданға бөлек аттанатынымыз батады. Қай майдан да соғысқа та, аман болайық! – деп, Мәкенді құшақтадым. Көзімнен жас төгілді.

Біз өлім туралы ойламайтынбыз. Амандықпен келеміз деген үміттен басқа ой келмейтін.

Мәкендер майданға аттанғаннан кейінгі 2-3 батальонның курсанттары да қызыл вагондарға тиелді. Тамыздың 25-де Қызылордадан, 26-да Қазалыдан өттік. 5 қыркүйекте Волхов майданының құрамында Снявину түбіндегі күзгі шайқасқа қатыстық. 1943 жылдың 4 тамызында сол қолымнан ауыр жараланып, сол жылдың 31 желтоқсанында Қазалыға келдім.

1997 жылдың желтоқсанында облыстық «Қызылординские вести» газетін қарасам, 3-бетінде «Мағау Садуақасовтың тағдырын кім біледі?» деген мақалаға көз түсті. Мақаланы түні бойы бірнеше рет қайталап оқыдым. Ұйқым шайдай ашылды. Таңды асыға күттім. Сағат 9-да редактордың бірінші орынбасары И.Корнилов мырзаға телефон соғып, «Садуақасовты мен білемін, қарындасына хабарла» деп өтіндім. Жарты айдай күттім, кешкілік екі қарындас келіп тұр. Таныстық. Мәкенді іздеуші Рахима екен. Маған суретін көрсетті. Бірден таныдым.

Мәкен туралы қысқа естелік жазамын деп уәде бердім. Міне, сол қысқа естелік жазылды. Әңгіме естеліктің көркемдігіне емес, ағамызды қолдан келгенше көз алдымызға елестетуде ғой. Мен өзімше бұл мақсатқа жеткендеймін, орындағандаймын.

Бір нәрсе даусыз, Мәкен қазақ зиялыларының алғашқы қарлығаштарының бірі болды.

Тенел ЖҰМАБАЕВ

Қызылорда қаласы, наурыз 1998 жыл.

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТ



дар да, бірінші қоғам, мемлекет, мәдениет қайраткерлері де, бірінші білімді оқытушылар да, ағартушылар да солардың қатарынан шықты. Қазақстанның өсуіне, өркендеуіне сол алғашқылардың қосқан үлесі ұшан-теңіз, өлшеусіз.

КазПИ-де Ажармен Мағау Садуақасов дейтін жігіт курстас, сыныптас болды. Алып-қашпа мінезі жоқ, өте ұстамды, талантты еді. Білімге, әдебиетке өте құмар, құштар болатын. Барынша өнерлі еді, музыка аспаптарының көбінде шебер ойнады. КазПИ-де Жазушылар одағынан кем түспейтін әдебиет үйірмесі болатын. Үйірмені Сәкен басқаратын. Кейін қазақ әдебиетінің классиктері болған жазушылар, ақындар, драматургтер, сыншылар қатысатын. Олардың тұсауы осы үйірмеде кесілді, белгілі болды. Үйірмеге мен де, Мағау да қатысатынбыз. Бір кезекті отырыс Абай поэзиясына арналды. Студенттер көп болды, айтыс қызды. Тап Мағаудай Абай поэзиясын әсіресе, оның философиясын білетін адам болмады. Үйірменің жұмысын қорыққан Сәкен «Абайды Садуақасовтай білу керек» деді. Мағаудың қолын қысты. Үлкен, мөдір көзі жасаурады.

Керекшүлік Мағау Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуын», «Кедейін», «Кім жазықтысын» жатқа айтатын. Қарапайым, момақан жүретін, қызбалыққа, мақтаншылыққа салынбайтын ол әдебиетке, музыкаға келгенде мүлдем өзгеріп, жанданып, аркасы қозып кететін.

Мағау институтты бітіргеннен кейін біздің Қызылордаға, ұмытпасам ірі, негізгі саналатын педтехникумға жіберілді. Оның кейінгі өмірі қалай өтті, қазір бар ма, жоқ па, білмеймін, – деді Сераға.

– Сераға, жаңағы айтқан Мағау Садуақасов мені оқытты. Екеуміз армияға бірге шақырылып, бес ай Алматының жау әскер соғыс училищесінде бірге оқыдық. Бір батальонда, бір взводта, бір бөлімшеде болдық.

– Міне, қызық! Тағы не білесің, бар ма, тірі ме?

– Бар ма, тірі ме білмеймін. Қызылордада қуаныш еңіні анық. 1942 жылдың тамызында училищені екіге бөлді. Бір бөлігін Сталинградқа жіберді. Мағау ағамыз Сталинград түбіне, мен Ленинград майданына жіберілдік. Күлкен деген қарындасы болатын. Бізбен бір мектепте оқыған. Майданнан келесін іздеп едім, Алматыға оқуға кетті дегенді естідім. Қазір Алматыда тұрады деген сөз бар. Жұбайы ғалым дейді.

– Неге іздеп таппайсың, аған, оқытушың болса, армияда бірге болсаң, қарындасымен бірге оқысаң, ағасың іздеп табуың керек қой. Алматы – Нью-Йорк, Шанхай, Токио емес, кішкене қала емес пе?! Іздесең, табасың. Ізде, тап, тағдырын біл! Мұның жарамайды, ұят, – деді Сераға ренішін білдіріп.

– Сераға, ескертүіңіз дұрыс-ақ. Бірақ арада жарты ғасыр өтті. Іздеу салғанда кімді табамын? – дедім.

Мен 1938 жылы Ақтөбеден Қызылордаға келдім. Оқу жылы басталатын күн де жақындады. Үйіміз педучилищенің түбінде еді. Қасында К.Маркс атындағы 7 жылдық мектеп бар. Сол мектепте оқуды шештік. Мектептің оқу ісін басқарушы Хакимовке Ақтөбенің №6 мектебінің алтыншы класын бітірген куәлікті тапсырдым.

Мұғалімдер құрамы онжылдық мектептерден артық болмаса, кем түспейтін: есептен Жамал Байжанова, тарихтан Пірімбетов, орыс тілінен Мун, қазақ тілінен Мұса Арыстанов, биологиядан Мағау Садуақасов сабақ беретін. Мағау ағамыз негізінде педучилищенің оқытушысы еді, біздің мектепке қосымша сабақ берді. Өрнектеген қисық жаға көйлек, кілем тақия, қоңыр шалбар, жылтыраған туфлимен жүретін. Орта арықтау бойына осы киім-

айт, білмесең уақыт алма! Екінші сабаққа даірланып кел!» дейтін.

1938-1940 жылдары Ерғеш Адаев екеуміз «Октябрь балалары» газетіне, мен қосымша «Пионеры Казахстана» газетіне үзбей мақала жазатынбыз және жазғандарымыз жиі жарияланатын. Бөлсенді, екінші тілшілер саналатынбыз.

Бірде Мәкен сабақ аяқталғаннан кейін: – Жұмабаев, көшеге шығайық, қыдырайық, әңгімелесейік, – деді. Мен ере шықтым, 10-15 минут үнсіз жүрдік.

– Сен газеттерге жиі жазып тұрасың ғой. Мақалаларыңды оқимын. Жазушылық қабырға газетінен басталады. Қазір жер жүзін тандандырып жүрген ақын ағаларың қабырға газеттері арқылы дүниеге келген. Мен КазПИ-де көптеген ақын-жазушымен бірге оқыдым. Олар өкпендері қабырға газетіне шыққанда ұйқы көрмейтін, қуанышында шек болмайтын, мазаны алатын. Әдебиет үйірмесіне қатысқан кездерім болды. Талас, айтыс қылатын. Үлкен ағаларымыз ғана басатын. Қазір біреуі бар, біреуі жоқ. Әдебиетпен айналыссаң, шындап айналыс. Шын берілмесең, үлкен мақсат етпесең, ешнәрсе шықпайды. Өлең жазбайтын жас болмайды, мыңның бірі ғана ақын болады. Абай ғасырда бір туады, – деді.

1940 жылдың шілдесінде ағамызды Қазалыға жауапты қызметке тағайындады да, сонда көштік. Маған бірге оқыған жоластармен, достармен, мұғалімдермен қоштасуға тура келді. Құрметтейтін оқытушым Мәкенмен де қоштастым. Ол өткендегі ақылын қайталады.

Қазалыда 8-класта оқыдым. Сосын аудандық газетке алмастым. Ұлы Отан соғысы басталды. Өмір күрт өзгерді. Маған да кезек 1942 жылдың 10 наурызында келді. Сәуір айының басында Алматы жау әскер училищесінің курсанты болдым.

Қазарманың ұзын коридорында жаңа келгендермен ұшыраса кеттім. Ішінен Мәкенді, Мағау Садуақасовты, өзімнің оқытушымы, ақылшымыз көрдім.

«Ағай, Мәке!» деп құшақтай кеттім, көзімнен жас та шықты. Командир: «Сөйлеменіз, кейін сөйлесерсіз. Садуақасов та училищенің курсанты» деп жекіп алды.

О, тағдыр! Мәкен училищенің №3 жау әскер батальоны 12-рота 4-взводтың курсанты болды. Бұл – біздің взвод, біздің рота. Қуанышыма шек жоқ. Бұрын келген жоластарға, әсіресе Қызылорда облысынан келгендерге таныстырып жатырмын. Қызылордалықтардың Мәкенді танымайтын, білмейтіндері болмады. Барлығы да ерекше құрметтеді.

Әрине, армия өмірі, әсіресе, соғыс кезіндегі армия өмірі мүлде басқаша. Ауыртпалыққа 18-19-20 жастағылар тез қалыптасты, тез үйренді. Жасы ұлғайғандарға оңай болмады. Мәкенге де көп қиналуға тура келді. Оған әсіресе, ұзындығы 3 метрге жақын балтырға орайтын құрды (обмотканы) байлау ақырет болды. Қатарда келе жатқанда құр шешіліп кетіп, взвод командирінің жәрдемшісі Левченкодан ескерту алу, арына тиетін сөз есту жанына қатты батты. Қарсы келуге шама жоқ, ішінен тынып шыдап қалатын.

Алматыда 1942 жылдың мамыр, маусым айлары өте жауынды болды. Бірнеше рет лагерьден қаладағы қазармаға көштік. Өзендер тасыды, буырқанды. Оқу-жаттығу кезінде тасып жатқан өзеннен өттік. Мәкен қолындағы ағаш мылтығын (винтовка) абайсызда түсіріп алды. Тасқын су мылтықты лезде ағызып алып кетті. Взвод командирі, кіші лейтенант Гордиенко басын шайқап: «Курсант Садуақасов, қаруына ие болмайсың ба?» деді де қойды.

Левченко осы оқиғаны төтенше жағдайға айналдырып, айқай-шу шығарды. Акт жасады, рота командирі аға лейтенант Шевцовқа, батальон командирі капитан



Фото: Аиша Әркембет.

Әңгімесі

(Аяулы әжем Күлбарам Жолмақанқызының рухына арнаймын)

...Балалық шақ. Бір күні әжем боздасын, Көл қып төгіп ағыл-тегіл көз жасын. Тылда талай тауқыметті	тартқан жан, Бір кездері қатты ұйқыға кетті. Менің ұйқым жеңілдеу, тез оянамын. Левченко жаман қорыққан екен, кейде көрер таңды көзімен атқызып, жүдеді.	Өте шықты, Күтуменен өткен кез. Жүрегіме таңба салды өшпестей, Жетімдікті, жесірлікті шеккен кез.
Тұңғыш рет көрдім оны өз басым.	Сұм соғыстың құрбаны боп көп тағдыр,	
Әншейінде катал жанның о несі, Әлде есіне түсті соғыс елесі. Бір кездері құрғатып ап көз жасын, Әңгімесін сабақтады келесі:	Өшкен кезі... Жаралыппыз жоқтан бір. Анау сырлы сандық көзі атаңның, Аралдағы Шақат ұста соққан бұл.	
– Қиындығын кештік бастан сол кездің, Бәріміз де мүшесіміз колхоздың. Күс ұйқылы болатынбыз	Сонан қайғы ізі қалған түрімде, Аман жеттік жайма шуақ бүгінге. Қалды ма әлде Қара шалым кансырап, Оқ бораған Сталинград түбінде...	
Болмаса егер ілінгені сәл көздің...	Атаң болса кетті мүлде қабарсыз, Жетім екен ел-жұрт еркек адамсыз. Кебенекпен кетіп еді... Сондықтан	
Шалым шатақ адам еді бір беткей, Жақпайтұғын жасандылық, құрмет кей. Өкілді ұрып бірден кеткен соғысқа, Қазалының түрмесінде жатқаннан.	Атаң болса кетті мүлде қабарсыз, Жетім екен ел-жұрт еркек адамсыз. Кебенекпен кетіп еді... «Ол тірі» деп күттім оны амалсыз.	
Ей, дүние жақсы-жаман арбасқан, Еркек біткен кетті ұрысқа	Әйел – батыр, әйел – өжет, Жұрт білген, Сол кездегі болатын ел, мықты іргем. Қобыланды жолын тосқан Күртқалай, Сағат санап оны талай күттім мен.	
...қалмастан. «Мен пәленше... түген деген колхоздан», ...Пойыз үсті сәлем айтқан Қамбаштан.	...Әжемнің құлағымда қалған бұл әңгімесі, «Тірі әкем» деп алданды ұл. «Ақ сөйлеші» дегені де есімде, Қарқылдаса қара қарға таннан бір.	
...Батыс жақта бұлт тұтасқан алқызыл, Жебеушім де, демеушім де жалғыз ұл. Оқ астында жан алып, жан беріскен, Боздақтарды жебе болсаң ал,	Бұдан бұрын көз жасы түк тамбаған, Бүгін неге жылап отыр, таңғалам. Біржолата үзетұғын үмітін Тым құрыса «Қара қағаз» алмаған.	
Ұлдан үлкен жанашырым Аққаным, Бойжеткен қыз, Тапсын деймін нақ бағын. Ал атаңның жазған Сталинградтан, Бір күндері алдық бір-жар хаттарын...	Тауқыметті табанға сап таптаған, Әже, сенің ерліңше мақтанам. Атамның ұшбұрышты хаттарын, Өле-өлгенше бойтұмардай сақтаған.	
Содан кейін сап тыйылды хат-хабар, Келер уақыт басымызға бак қонар, Қарғыс атқыр пәшестермен шайқасып, Тірі болса жүрген шығар пәтшағар....	Болса-дағы қайғыменен кезі мұң, Бейбіт күнге жеткізді аман өзі ұлын. Сол жылдарға сыр бермеген әжемнің, Құрыштан да берік дерсің төзімін.	
Оқтан, оттан ойсырған жер үсті, Тойлап жатты тыр жалаңаш Женісті. Бір майдангер тірі келсе тозақтан, Бүкіл ауыл жылап-сықтап көрісті.	Болса қызы – көз қуанышы, ұл – бағы, Еңбек етті елмен бірге тылдағы. Өткен, бірақ жастық шағын әжемнің, Сұм соғыстың қасіреті ұрлады.	
...Бораш келді бір қолынан айырылып, Ойнар келді бір аяғы майырылып. Жылдар өтті қара жолға қараумен, Біздер күткен арман қайда, қайда үміті!?	Осы күнге бір Алладан сұраған, Жалғыз ұлын жеткізгішті дін аман. Әкем түгіл, бізді арқалап өсірген, Әжем менің ең бірінші ұлы анам.	
Ел басына күн туған шақ, түс енді, Шүберекте түйген жанын іші елдің. Ол аз болса кеткен кейін інісі, Бір хабарын біле алмадық Үсеннің.	Әжем жасық әйел емес, бұйығың, Тауқыметке тосқан сонда иығың, Атам тірі келеді деп бір үміт, Көпке дейін мазалапты бүйірің.	
Бұл ауылда көре алмайсың бос жанды, «Женіс» деген сөзді бәрі тосқан-ды, Он үш жасар жалғыз ұлды басқарма Жұмаш колхоз жұмысына қосқан-ды.	Дүниенің нығметі бар-ау кең, Жалғыз ұлын жеткізгішті дін аман. Әйелдерді жылатпаңдар, қорғаңдар. Әйелдердің жасы текке тамбайды.	
...Ол келмеді. Өте берді уақыт, Алдамшы үміт көңілімді жұбатып, Сонда да мен күтуменен келемін, Сонан бері өз-өзімді уатып.	...Келе жатыр көкіjekтен таң күліп, Жаса, жаса, бейбітшілік мәңгілік! Күлді өмірі өткен ерін күтүмен, Әжем сөзі жадымда тұр жаңғырып.	
Уақыт – жел, аққан судай неткен тез	Толыбай АБЫЛАЕВ	

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында музейде ерекше кездесу өтті. Соғыс ардагері Мырзахмет Досқалбаевтың інісі Бостан Жалғасбаевпен өткен бұл кеш тарихтың тереңіне бойлаған, жүректерге әсер еткен сырлы сәттердің бірі болды.



Тұтқын тағдыры

Мектеп оқушылары мен ұстаздар қатысқан шарада Ржев түбіндегі шайқас туралы, музей корында сақталған ардагердің әскери қаскасы жайлы құнды мәліметтер айтылды. Оқушылар белсенділік танытып, Бостан ағайға сұрақтарын жаудырды.

Сол сәтте бір оқушының тосыннан қойған сұрағы бәрімізді терең ойға салды:

– Сұрапыл соғыстан хабар келгенде бір үйден үш ағайынды соғысқа аттанған. Соның бірі – әкем Қожахмет Жалғасбаев болса, қасындағы екі інісі Молдахмет Досқалбаев пен Мырзахмет Досқалбаев делінді. Кеш барысында хабар-ошарсыз кеткен Мырзахмет Досқалбаев ағандық туралы ізденіп, көп еңбектенгенінзді білдік. Өз әкеніз де соғыс ардагері ғой, ол кісі туралы ештен айтпадыңыз? Батыр әкеніз туралы қандай естеліктер бар? Батыр ұрпағы болғаныңызға мақтанасыз ба? Сіз үшін Жеңіс күнінің маңызы қандай? – деді.

Бостан ағай ауыр күрсініп, әңгімесін жалғасты:

– Мен бейбіт күні өзге балалар секілді әкем батыр деп мақтана алмадым. Ол кісі де жыл сайынғы 9 мамыр Жеңіс күнінде кеудесіне сыңғырлатып медаль тағып, парадқа шықпады. Біздің үйде Ұлы Отан соғысы туралы көп әңгіме айтылмайтын. Әкем соғыстағы ерлігіне қарамастан, елге оралған соң сатқын деген жалған айып тағылып, қоғамнан шеттетілді. Жұмысқа орналасу қиын болды, ал Жеңіс күні дері марапатпен тыс қалды. Бұл жағдайлар балалық шағымда әкемнің ерлігі туралы мақтанышпен айтудыма кездері болды» деді.

– Ұлы Отан соғысы қалқымыздың басынан өткерген ең ауыр, ең азапты жылдары болды. Бұл соғыста сан мыңдаған жауынгер Отан үшін жанын пид аетті, қан майданда жанқиярлықпен шайқасты. Соғыстың аяқталғанына сексен жыл уақыт өтсе де, Ұлы Отан соғысы салған жан жарасы жазылмақ емес. Соғыс талай шаңырақты ортасына түсіріп қана қоймай, көптеген адам жазықсыз жапа шекті. Әсіресе қапыда жау қолына түскендердің тағдыры өте ауыр болды. Олар неміс концлагерінде бір азап шексе, елге оралғаннан кейін де қорлық көріп, тіпті ұзақ мерзімге сотталып кеткендері де аз болған жоқ. Солардың бірі менің әкем Қожахмет Жалғасбаев еді.

Ол 1909 жылы қазіргі «Майлы-өзек» ауылында туған. Соғыс басталғанда әскер қатарына шақырылып, майдан даласына аттанды. Отан алдындағы борышын адал атқарған ол алғашқы күндерден-ақ жаумен бетпе-бет келіп, ерлікпен шайқасты. Алайда 1942 жылғы Днепр шайқасы кезінде жау қоршауына түсіп, тұтқынға алынған. Әкемнің айтуы бойынша неміс солдаттары жаралы тұтқындарды Германияға жаю айдан апарған. «Денсаулығы жоқ тұтқындар ақсаңдап еріп келеміз. Құласаң сол жерде атып кетеді» дейтін. Германияға жеткен соң жау әскерлері әр жерге бөлгенде, әкем Италияның Флоренциясына түсіпті. Тұтқында болған уақытта қара жұмысқа жетіп, теміржол жөндеу жұмыстарына салған екен. Тұтқындар таяуда италиян, француз коммунистерінің партизандары бар екенін естіп, италиян солдаттарынан 4 қазақ түтқын қашып, Флоренциядан 5 шақырым жердегі Мольто-Марулла тауына жетіп, италиян партизандарына қосылған.

«Бізді Флоренцияда орыстардан бөліп тастаған. Өңірек эзербайжан, грузин, өзбекпіз. Қасымда Қожахмет Жалғасбаев және Нұрберді (Гурьевтан), Ермек Канибай (жерлес) деген қазақтар болды. Бәріміз ақылдаса келе таудағы партизандарға қашпақшы болдық. Мүмкіндік бар. 30 тұтқынды, бірі ақсақ, екіншісі соқыр немістің екі жаралысы күзетеді. Қасымызда оқ дәрі тиеген арба, арбада қару-жарақ, азық-түлік. Теміржол жағалап жүргеніміз. Төрт қазақ екі-екіден бөлініп, күзетшілерді белдік темірмен ұрып өлтірдік. Дорбамызды оқ дәріге толтырып, Флоренциядан 5 шақырым жердегі Мольто-Марулла тауына бет алдық. Тау етегіндегі жалғыз үйден байланышы табылды. Партизандар командирі Анджелиа деген италиян екен. Төртеуімізді өз тобына қосып алды. Бұл дерек 2003 жылғы 9 қазанда шыққан

«Сыр бойы» газетінің №199 (16298) нөмірінде «Тағдыр мен тауқымет» тақырыбында Абылай Ахметовтің өз аузынан жазып алған Қазі Данабаевтың мақаласынан алынды. Онда тұтқында болған қазақтардың ішінде Қожахмет Жалғасбаев та болды деп, әкемнің де аты аталып, Италия аумағында партизандық қозғалысқа қатысқанын, неміс басқыншыларына қарсы күрескені туралы айтылған.

Әкемнің айтуы бойынша соғыста екінші майдан ашылып, партизандарға ағылшындар көмек берген. Одақтастар Италиядағы фашистік армияны ығыстырып жатқан тұста, ағылшын әскерінен арнайы тапсырма берілді. Флоренцияны азат ету жолында жау әскерінің қозғалысын тоқтату, жолдарын миналау, қарсы шабуыл ұйымдастыру. Осы тапсырмалар кезінде әкем және оның қатарластары партизандық соғыстың бел ортасында жүріп, немістердің шегіну жолдарын кесуіге үлкен үлес қосты. Алайда, соғыс аяқталуға таяған сәтте, ағылшын әскері құрамында болған партизандар Америка Құрама Штаттарына жөнелтіледі. Америкада жүргенде де тұтқын есебінде болып, икеміне қарай, қол жұмысын жасатқан. Әкем жылқы бақтым дейтін.

1945 жылы Жеңіс күнінің қуанышты хабарын әкем алыстағы Америка жерінде естиді. Жеңіс тойы жүрекке қуаныш сыйлағанымен, туған жерге оралу мәселесі күрделі еді. Кеңес үкіметінің елшілері мен әскери өкілдері шет елдердегі тұтқында болған сарбаздарды жинап, біртіндеп елге қайтарма бастайды.

Әкем де көп қиындықтан кейін елге оралғандардың қатарында болды. Америкадан кейін бірнеше кеме арқылы ұзақ сапар шегіп, Украинаның Одесса портына жеткен.

Бірақ бұл жеңіл болған жоқ. Бұрынғы тұтқындар тиелген эшелон жарты Еуропаны артқа тастап, бірден іт арқасы қияна – Сібірге жол тартты. Әскери трибуналдың үкімінен де жол үстінде жария еткен. Біреуге – 25 жыл, біреуге – 20 жыл... Әкем 6 жылға бас бостандығынан айырылып, Коми АСР-нің Воркута қаласындағы жерасты шахталарында ауыр еңбекке жегілді.

Воркута сол кезеңде ГУЛАГ жүйесінің ең ірі лагерлерінің бірі – Воркутлагтың орталығы болды. Мұнда мыңдаған тұтқын, соның ішінде саяси айып тағылғандар ауыр климаттық жағдайда көмір өндірісінде жұмыс істеді. Бұл – сол уақыттағы ең ауыр еңбек түрінің бірі. Мұздай шахталарда, үнемі қауіп-қатерге толы жағдайда жұмыс істеу, тағдырдың ең ауыр соққысы еді. Әкем де осындай қиын жағдайда еңбек етіп, өмірінің бір бөлігін сол шахталарда өткізді.

Соғыстан кейінгі ауыр жағдайды ескері отырып, тұтқынға түскен, сотталған азаматтардың жазасын жеңілдету мақсатында амнистия жарияланды. Бұл шешім көптеген жауынгерге үміт сәулесін сыйлады. Сол амнистия аясында әкем де толық ақталып, туған елге оралуға мүмкіндік алды. Ендігі арман – ертерек елге жету. Мойнында – туған жердің бір шөкім топырағы. Қияметтің қыл көпірінде талай рет ажалмен бетпе-бет келген тұста жүрекке – рух, бойға – күш-жігер берген осы туған жердің бір шөкім топырағы шығар! Әуелі итарба, сосын отарба, кейін атарбаба ауысып мініп, әйтеуір елге де жетті-ау.

Елге аман-есен оралған әкем жүрегі туған жермен қауышқанда тыныштық табардай көрінген. Алайда өмірінің жана парағы да оңай болмады. Соғыста ерлік көрсетіп, партизандық күреске қатысқа да, тұтқында болғаны үшін ел арасында оған «сатқын» деген қара күйге жағылды. Бұл жалған атак әкемің артынан ұзақ уақыт еріп жүрді. Ауылдастарының көпшілігі сенімсіздікпен қарап, сырт айналасы.

Ең сорақысы – жұмысқа да қабылдамады, «сенімсіз» деген сылтаумен талай есік жабық болды. Жауынгердің жанына батқан ең үлкен ауыртпалық – өз Отанының, өз халқының сенімсіздігі еді. Бірақ әкем бұл әділетсіздікке мойымады. Ол ел тыныштығы, ұрпақ болашағы үшін үнсіз күресті, отбасын құрды, еңбек етті, балаларын тәрбиеледі, – деп сөзін әрең аяқталды Бостан ағай.

Адам төзгісіз азап пен қорлыққа

қарамастан Қожахмет Жалғасбаев рухын жоғалтпады, жауға ешқашан тізе бүккен жоқ. Тұтқын лагерінде ауыр еңбекке жетіліп, күн сайын өмір мен өлімнің арасында өмір сүрді. Бірақ жүрегіңдегі Отанға деген сенім мен сағыныш оны тірі ұстады. Кешегі тұтқындарды кеңес әскерлерінің қабылдап алуы да ұзаққа созылды. Тергеу-тексеру амалдары әбден қалжыратты. «Жау қолына қашан, қалай және қандай жағдайда түстің?» деген сияқты сұрақтардың астына алды. Елім деп ытыққан көңілдің ыстығы сонда да басылған жоқ.

Қуатова Көмпен есімді аяулы жанмен отбасын құрып, берекелі әулеттің отағасы болды, балаларын дүниеге әкеліп, тәрбиеледі.

Қарапайым ғана шаңырақтан шыққан сол ұрпақтың барлығы – бүгінде жоғары білімді, сан түрлі салада ел игілігіне қызмет етіп жүрген абыройлы азаматтар. Бұл – кешегі соғыс пен сыннан өткен Қожахмет атамыз ерен еңбегі мен Көмпен анамын мейірімнің жемісі.

Соғыстан кейінгі ауыр жылдары Қожахмет Жалғасбаев тіршіліктің тауқыметіне мойымай, еңбекке араласты. Алғашқы еңбек жолын Жосалыдағы жол бойы депосында қара жұмысшы, балға ұрушы болып бастады. Бірақ көп ұзамай Сталиннің арнайы жарлығымен тұтқында болған азаматтарға теміржол саласында жұмыс істеуге тыйым салынды. Осыдан кейін Жосалыдан Қарсақбайға дейінгі бағыттағы құрылыс жұмыстарына жіберіліп, жол бойындағы ауыр еңбекке араласты.

Кейін «Ақтас» кен орнында қара қазып, ауыр өндірісте тер түкті. Қандай жұмыс болса да жүрексінбей атқарып, әр ісіне адал қараған оның еңбегі елеңбей қалмады. Ел ішінде белдегі не болған жан кейін қайтадан теміржол саласына оралып, сол жерден зейнетке шықты.

Екі інісі Молдахмет пен Мырзахметті тірі деп сеніп, өмірінің қалына дейін бір күні оралады деген үмітпен күн кешті. Балаларына: «Тірі болса табылар, өлсе де жерленген жері белгілі болсын» деп аманат артты.

Оның аманаты мен жүрекке жазылған арманын ұлы Бостан Жалғасбаев ыңыға жүктеп, перзенттік борышын адал атқарды.

Тәуелсіздік алған соң, Бостан ағай тынымсыз ізденіп, архивтерден дерек жинап, ақтандаққа айналған шындықты жарыққа шығарды. Әке аманатын орындауға кірісіп, ұзақ жылғы зерттеулердің нәтижесінде Мырзахмет Досқалбаевтың Ресей жеріндегі Тверь облысы Оленин ауданы Куркино селосында қаза тапқанын анықтады. Араға жылдар салып, Мәскеуге аттанды. Сарбаздар жерленген «Куркино Ленкова» деген қорымда жатқан ағасына туған жердің топырағын апарып, Құран бағышталды.

Сондай-ақ әкесінің тағдырын зерттеп, әділдікке қол жеткізу жолында архивтерді ақтарып, құжаттарды жинақтап, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай жарық көрген «Ұлы ерлікке ұрпақтар тағзымы» атты кітапқа әкесі Қожахмет Жалғасбаевтың есімін енгізуге себепкер болып, оның ерлік жолын ресми түрде ұрпақ жадында қалдырды.

Бұл жаналық ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келген тағдырдың бір парағын ашып, отбасына тыныштық пен әділдік әкелді.

Бостан Жалғасбаевтың бұл еңбегі – өткеннің ақтандық беттерін ашып, әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадам. Оның ізденісі мен табандылығы – тарихты құрметтеу мен ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Тағдыр тауқыметіне мойымаған, адал еңбегімен ұрпаққа үлгі болған арда азамат Қожахмет Жалғасбаевтың өмір жолы – еліне, жеріне, ұрпағына деген шексіз сүйіспеншіліктің, қайсарлық пен төзімділіктің көрінісі. Осындай асыл тұлғалардың ғибратты ғұмыры ұмытпаймыз, ел жадында сақтала бермек.

Оның өмір жолы тек соғыс майданындағы ерлік емес, бейбіт замандағы сабыр мен шыдамды, адамдық ар-намысты аяққа тап-тапай өткен азаматтықтың үлгісі болды.

Баршагүл САХИЕВА,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің эскурсоводы

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЖЫРҒА ҚОСҚАН

Тағдыр, жазмыш! Ол небәрі ердің жасы елуден сәл ғана асты. Осы қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында елге танылып үлгерді. Ағайын мен әріптестер, достар арасында беделге ие болды, шәкірт тәрбиеледі. Ауылдың, ауданның өміріне белсене араласты, мектеп директоры болды, аудандық мәслихаттың депутаты атанды, ұлын уяға, қызын қияға қондырды.



Пендеміз, кейде тағдыр жазуына да налып жататын кездеріміз болады. Ол көбіне өзінің қасында жүрген, құрмет-сыйластығына ие болған жақын адамдарын өмірден өткенде қимастықтан туатын көңіл күй болса керек. Ол өмірден өтті дегенге де талай адам сенбеді. Қимастық. Иә, Бағдат өлімге қиятын жан емес еді! Бірақ Алланың жазуынан, тағдырдың дегенінен артық үкім болмасы анық.

Уақыт шіркін, сонша жүйрік! Әсіресе, қазір тым жылдам болып кеткендей көрінеді. Жылдамдығы ғой, Бағдаттың өмірден өткеніне де жыл толытты!

Ақын еді... Елуге толғанда «Жыр көңіл жолда қалмасын» деп лебізінді білдіріпті. Жыр-көңілді неге жолда қалдырдың екен?

Ақжарқын, бауырмал еді. Қашанда «ағалап» алдымыздан шығатын. Өлеңдері де өзі сияқты: тап-таза, түп-тұнық, мөп-мөлдір! Ақын-көңіл айналасынан тек жақсылық іздеген сияқты. Қай өлеңін алып қарасаң да ізгілікті, жақсылықты, мейірім мен адалдықты жырға қосыпты. Мүмкін, аз ғана ғұмырында айналасын, адамдарды жақсы көріп, құшағына қысып өткізі келді ме екен?..

– Биік ұстап арман атты жалауды, Жүректің жағып келем алауды.

Жас күнімен сініргенсін бойыма, Кемшілікке кешіріммен қарауды, – дейді ақын.

Жақсы көру, сыйластық, кешірімшілдік оның бойына ананың ақ сүтімен, әкенің өнегесімен дарыған. Осы қасиетті өмірлік темірқазығына айналдырған. Ол ақын шығармашылығының тұтас лейтмотиві болып, өлең бойы өрілгені байқалады.

Поэзиядағы ерекше жанр арнау өлеңнің шебері. Арнаулың өз табиғаты, басқа поэзиялық жанрларға ұқсай бермейтін өзіндік сипаты бар. Көбіне ел таныған адамдарға арналатын осы өлең түрінің табиғаты адамдарды жақсы көру, олардың бойынан жақсылықты іздеу сияқты авторлық дүниетанымымен, мінезбен, қадір-қасиетпен астасып жатады. Бағдаттың ақжарқын, аңқылдақ мінезі, үлкенге іні, кішіге аға бола алатын азаматтық болмысы осы өлең табиғатымен үйлесім тапқан. Арнау өлеңдерінде өз кейіпкерінің бітім-болмысын, образын жасауда өзіндік қолтаңбасы бар.

– Баян қылаам аққудайын сөңдің, Жүрегімінен моншақтап жыр төгілді. Нақ сол сәтте шырақп тұр ма екенсің, «Махаббат» деп басталатын әңңіңді.

Жібереің шұғылалы өткенге ой, (Өткен шақтар нұрын бізге төккен ғой.) Жастық деген – жарасымы өмірдің, Жастық деген – жазырайы көктем ғой. Әлмира апайына арнаған өлеңі екен. «Өмір деген өткен күнге сағыныш» деп атапты. Ескі альбом беттерін көзіне түскен көне суреттің, жастық шақ деп аталатын «жазырайы көктем-көңілдің» сырын ашуға ұмтылады. Онысы сәтсіз де емес. Өлең жолдары әр оқырманның жүрегінен орын алып, көңіл көкдененің бір сілкіп алғандай әсерде боласын.

Бағдат шығармашылығынан бұндай арнау өлеңдерді көптеп кездестіруге болады. Бірінде жақсы адамның жан сырын ашса, бірінде оның бойындағы жақсы қасиеттерін көпке үлгі қылады. Ал енді бірде өмірден өткен ақынның рухына тағзым еткі. Қалай болғанда да жылт еткен жақсылықты көзінен таса қылмайды, өлең өрнегіне айналырады.

Ақынның анасына арнап жазған өлең жолдары кім-кімнің де жан-жүрегіне әсер етпей қоймайды.



ГВАРДИЯШЫ ЖАУЫНГЕР

Соғыс және еңбек ардагері Ақаш Ержанов 1942 жылдың маусым айында Қызылорда қалалық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды.

таулы тұрған деректердің біріне «Осы жылдың 7 тамызында қатардағы гвардияшы жауынгер А.Ержанов Висла өзенінің арғы жағасына алғашқылардың бірі болып жүзіп өтіп, автоматшылар тобымен бірге немістердің траншеясына басып кірді. Жаудың екі қарсы шабуылын тойтарыу кезінде өзінің жеке қаруымен 6 неміс солдаттың көзін жойып, өз бөлімшесіне немістердің оң қапталынан айналып өтіп, оларды кейін қарай шегіндіруге мүмкіндік берді. Үкіметтің III дәрежелі «Данк» орденімен марапаттауға лайық» деп көрсетілген.

1945 жылдың қаңтар айында №39 гвардиялық атқыштар дивизиясы №117 гвардиялық атқыштар полкінің автоматшылар ротасы Польшаны жаудан толық азат етуге және Одер өзенінің сол жағалауын басып алу мақсатында жүргізген «Висла-Одер» стратегиялық шабуылдау операциясына қатысты. Ол 28 қаңтар күні Познань қаласының түбінде тағы бір ерлік жасап, көзге түсті. Бұл жайлы №117 гвардиялық атқыштар полкінің командирі, гвардия майоры Грищенко қызыл әскер Ақаш Ержановты II дәрежелі «Данк» орденімен марапаттауға ұсынған парағында былай деп жазады: «...1945 жылдың 28 қаңтар күні Познань қаласының түбіндегі шайқастардың бірінде Виньяра елді мекенін

жаудан тазарту кезінде жолдас А.Ержанов өз автоматымен 12 немістің көзін жойып, құнды әскери жүк тиелген екі автомашинаны қолға түсірді. Үкіметтің II дәрежелі «Данк» орденімен марапаттауға лайық». Ол автоматшылар ротасының құрамында Дон, Оңтүстік-Батыс, Калинин, III Украин, I Беларусь майдандарындағы ондаған шайқастарға қатысып, Жеңіс күнін Берлин қаласында қарсы алды. 1945 жылдың қазан айында елге оралып, еңбекке араласты. Аудандық май заводында жұмысшы, Калинин атындағы колхозда сеператоршы, аудандық су шаруашылығы мекемесінде жұмыс жасайды. 1955 жылдың қорытындысымен «Социалистік жарыстың екпіндісі» атанған.

Соғыстан кейінгі жылдары II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл майдандарында ерліктің ғажайып үлгісін көрсетіп, екі мәрте «Данк» орденімен марапатталған Ержанов Ақаш қария 1990 жылдың 29 шілдесінде сексен бір жасында дүниеден өтті.

Қанат ЖАПАКОВ,
Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

ЕРЛІКKE ТАҒЗЫМ



ҚИМАСТАРЫН ҚАН МАЙДАНҒА ҰЗАТЫП...

«Qyzylorda» телеарнасы Жеңістің 80 жылдығына орай жастық шағын соғысқа ұрпатқан, майдангерлердің артында қалған жесірлерінің азалы тағдырын тарихи-драмалық деректі фильмге арқау етті. Фильмнің жабық көрсетіліміне жиналған жұртшылық бұрын-соңды телеарнада қозғалмаған күрделі тақырыпты кейіпкерлердің боямасыз баянынан танып білді.

Шығармашылық ұжым соғыстың соңғы жесірі, 101 жастағы әженің әңгімелерін таспалаған.

Идея авторы әрі редакторы Нұрбек Әмиша: «Біз көбіне майдандағы даңқ, батырлық туралы айтпағыз да, жарынан жас қалған жесір тағдырлардың трагедиясы, әйелдің жеке басының қасіретіне терең бойламайтындаймыз. Шынберген Сүлейменовтің Мұқағалидың сөзіне жазылған «Қайран, жегем» әнін бір жыл тыңдап жүрген шығармын, көзге жас үйретін зұлмат заманның көрінісін нақты беретін осы әннің сүйемелдеуімен соғыс жесірлерін, солдат жесірлерін түсіру идеясы ақыры жүзеге асты. Майданнан қайтпаған «жастық шағын» ғұмыр бойы күткен кейуананы таптық. Жасы жүздің үстіне шыққан әже жан жарына деген сағынышты көз жасы арқылы жеткізді» дейді.

Жасы ғасырдан асқан кейуананың қатпар-қатпар әжімінде сол дәуірдің



кайғы-қасіреті мен зіл батпан ауырталығының ізі жатыр. Желегі түспестен жесірлікке мойынұсынған небәрі 25-30-дағы жас келіншектердің тағдыры неткен ауыр еді?! Азаматымының отын өшірмеймін деп, балаларын жалғыз өзі жеткізген жандар қаншама?! Туындыда соның бәрі көрініс тапқан.

Фильмге Жамбыл облысы Байзақ ауданы Жакаш ауылындағы көзі тірі соғыстың соңғы жесірі Райхан Әлібайқызының, Арал ауданы Қаратерен ауылында тұрып өмірден

өткен, соғыс жесірі Иба Смайлықызының өмір жолы арқау болған.

Туындыны көрген соң, майдангерлермен қатар, қатыгез уақытпен бетпе-бет келгенде қиындықты қайсарлықпен жеңген қазақтың мыңдаған қарапайым әйелінің рухы алдында қарыздар екенінді түсінесің.

«Соғыс жесірі» деректі фильмі «Qyzylorda» телеарнасынан, «Qazaqstan» арнасынан көрерменге жол тартты.

«СБ» ақпарат

КІШІ КОМАНДИР

Жан алып, жан беріскен қанды қырғыннан аман келсе де, осы уақытқа дейін аты елеусіз қалған жерлеріміз қаншама?! Сондай жандардың бірі – «Қызыл жұлдыз» және III дәрежелі әскери «Даңқ» орденінің иегері, кіші сержант, марқұм Серікбай Беркінбаев ағамыз.

Мектеп бітірісімен жұмысқа араласқан ол еңбек жолын Түркістан теміржол басқармасына қарасты сауда саласында бастайды. Осы салада есепші-товаровед болып жүргенде 1941 жылдың маусымында соғыс оты тұтанды. Әскерге шақыру туралы повестканы 1942 жылдың маусымында қолына алған Серікбай Жанақорғаннан аттанған жүзден астам жігіттің қатарында алғашқыда Ташкенттегі жинақтау пунктінен бірақ шығады. Бес айдай Самарқан қаласында №19 мергендер мектебінде жаттығудан өткен бұлардың №99 атқыштар полкі желтоқсан айының соңына эшелонға тиіліп, батысқа жол тартады. Самарқанда өткен оқу-жаттығу барысында өзінің алғырлығымен, мергендігімен, тапсырманы мүлтіксіз орындайтын қасиетімен көзге түскен оған алғашқыда ефрейтор әскери шені берілді. Айға жақын жол жүрген соң 1943 жылдың қаңтар айының ортасында Калинин майданындағы генерал Рокоссовский басқаратын 16-армияның құрамындағы подполковник Александр Таратухин басқаратын №59 атқыштар дивизиясына қосылып толықтырылады.

Бұл екі айда Кеңес Одағын басып аламын деген Гитлер жоспарының күлі көкке ұшып, далбасалап қалған кезі болатын. Біршама уақыт командармының резервінде болып, шеберліктерін шындай түседі де, ақпан айында соғысқа кіреді. Серікбай қызмет ететін №99 жаяу әскер полкі осы бағытта бірнеше ай соғысады. 1943 жылдың 17 маусымында Булыштың аумағындағы Карпович және Мятлово жырасының оңтүстігіндегі Сосно және Лозово өзенін кешіп өтіп, жау шебін басып алып, немістерді қашуға мәжбүрлейді. Айналасы оншақты күнде 26 елді мекенді жаудан тазартады.

Бұлардың дивизиясы шілде-тамыз айларында Смоленск қаласы бағытындағы соғыс қимылдарын бұрынғыдан да қарқынды жүргізе отырып алға жылжиды. Шілде айының екінші онкүндігінде басталған шабуыл ай жарымға дейін толастамайды. Нәти-

жесінде 31 тамыз күні Смоленск облысына қарасты Сафроново деген аудан жаудан толық азат етіледі. Осы арада Серікбай жеке басының ерлігімен көзге түсіп, соңғы шайқаста немістің бір офицері мен 15 солдатының көзін жояды. Оның осы ерлігі жөнінде кезінде онымен бірге болған майдандас досы Мырзаев Сейфулла айтып еді. Негізінде Серікбай ағамен бірге ауданымыздан Каюлов Адиятулла Сәрсенбайұлы, Сәдуов Жаханша да бір полкте болып, соғыстың бір саябырлаған шақтары мен резервке шыққан кезде жиі араласып тұрған. Сейфулла кейін зенитшілер батареясына ауысып кетеді. Ол осы шайқаста арқасынан, сол қолынан және аяғынан жараланса да алғы шепті, бөлімшесін тастап кетпеді.

Бұл ерлігі басышылық тарапынан елеусіз қалмай «За отвагу» жауынгерлік медалімен марапатталып, кіші сержант лауазымы беріліп, бөлімше командирлігіне тағайындалды. Ол осы бөлімше құрамында соғысты аяқтады. Командирлер оның ерлігін солдаттарға үлгі етеді.

Серікбай қызмет ететін полк тамыз айының соңына 306-атқыштар дивизиясының қарамағына берілген бұлардың 938-атқыштар полкі демалысқа резервке жіберілді. Олар осы арада сиреп қалған қатарын толықтырды, қайта даярлықтан өтіп, жанадан 938-атқыштар полкі болып өзгерді. Серікбай да полк жанындағы медсанбаттан тиісті емін алып, қайта сапқа оралды.

Полк резервтен оралғаннан кейін I Прибалтика майданы, 39-армияның 5-гвардиялық корпусы қарамағында 1944 жылдың I шілдесінде қайта майданға кірді. Құрамында бұлардың полкі бар дивизия Каунасты шабуылдау бағытында ұрыс қимылдарын жүргізді. Негізгі дивизия басышылығы басым көпшілігі азиялықтардан тұратын полк пен батальондарды ең ауыр участоктарға жұмсаған. Қаланы алу оңайға түспейді. Бірнеше жылдан бері қорғаныс шебі нығайтылып бес қарумен жаракаттанған фашистер қатты қарсылық көрсетеді. Қанды

қасап бақандай 10 күнге созылады. Осы Витебск қорғаныс шебінің осал жерін табу Серікбай қызмет ететін 938-полкке тапсырылады. Міне, осы шайқас барысында кіші сержант Серікбай Беркінбаев басқаратын атқыштар бөлімшесі жаудың ату нүктелері мен бірнеше танкісін жойып, істен шығарып қалағалғашқылардың бірі болып кіреді. Осы аяқас барысында Серікбай ерліктің нағыз үлгісін көрсетіп, жаудың бір «Тигрін» және екі атыс нүктесін жояды. Он күнге созылған шабуыл нәтижесінде Витебск қаласы 10 шілдеде жаудан азат етіледі. Осы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылады. Ал дивизия сол күні 1944 жылдың 10 шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен «Қызыл ту» орденімен марапатталады.

Серікбай қызмет ететін полк мұнан кейін Риганың оңтүстік шығысын азат ету операциясына қатысты. Ерлік жолын одан әрі жалғастырып, Балтық маңы мен Польша, Шығыс Пруссияны жау тырнағынан босатуға қатысып, соғысты Берлин түбінде аяқтайды. Толарсақтан қан кешіп жүріп жеңісті жақындатуға үлесін қосқан Серікбай Беркінбаев 1945 жылдың 15 наурызында жақын маңға келіп түскен снаряд жарықшағынан аяғынан жаралы болады. Сонда да алғы шептен кетпеген. Ұрыс біткеннен кейін ғана дивизияның дала госпиталінде жарақатын емдетіп, сәуір айының басында алғы шепке қайта оралады. Жеңістен кейін олардың полкі қараша айының соңына дейін Берлин комендатурасында қала тәртібін сақтаумен, қалып қойған фашист қалдықтарын жоюмен айналысты.

Бейбіт өмірге оралған Серікбай Беркінбаев аудандық тұтынушылар одағына инструктор-ревизор болып қызметке кірісіп, өмірінің соңына дейін осы салада еңбек етіп, бас есепші, «Бесарық», Елтай селпосының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Зайыбы Мәлике екеуі 6 ұл-қыз өсіріп тәрбиеледі.

Кіші сержант 1970 жылдың 23 қаңтарында соғыс салған жарақаттың салдарынан көз жұмды.

Ерубай ҚАЛДЫБЕК,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР
МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.